



Т

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru

№43-44

(1885-1886)

Жұма, 31-қазан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

САММИТ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Мемлекет басшысы АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серджио Гормен және АҚШ Мемлекеттік хатшысының бірінші орынбасары Кристофер Ландаумен кездесті.

Кездесуде Вашингтонда өтетін C5+1 саммиті қарсаңында қазақ-америка кеңейтілген стратегиялық серіктестігін дамыту перспективасы талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың C5+1 саммитіне арнайы шақырғаны үшін алғыс айтты.

Президент алдағы жоғары деңгейдегі кездесу ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың басты бағыттарын айқындау тұрғысынан нәтижелі болатынына сенім білдірді. Қазақстан Америкамен сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестікке тың серпін беруге мүдделі.

Мемлекет басшысы еліміздің АҚШ Президенті жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты қолдайтынын жеткізді. Осы орайда Дональд Трамптың бейбітшілікті нығайтуға және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесін жоғары бағалады.

Қазақстан Президенті жаһандық үдерістердегі Орталық Азияның рөлі артып келе жатқанына тоқталды. Аймақ елдері бұрын-соңды болмаған бірліктің үлгісін, тату көршілік пен ортақ прогреске деген ұмытылысын көрсетіп отыр.

Өз кезегінде Серджио Гор Қасым-Жомарт Тоқаевқа Америка Президентінің сәлемін жеткізді. Ол АҚШ сыртқы саясатындағы Орталық Азия өңірінің стратегиялық маңызын растады. Оның пікірінше, Вашингтонда өтетін алдағы кездесу екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтереді.

Өңімелесу барысында энергетика, аса маңызды минералдар, цифрландыру, көлік және логистика салаларындағы өзара тиімді серіктестіктің елеуеті қарастырылды.

Бұдан бөлек, өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге назар аударылды.

www.akorda.kz



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 6,7 ГВТ ЖАҢА ҚУАТ КӨЗІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электр энергетикасын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Онда Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, энергетика министрі Ерлан Аққенженов, сондай-ақ энергетика секторы ұлттық компанияларының өкілдері баяндама жасады.

Соның ішінде энергетика министрі еліміздің энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарының барысы туралы баяндады. Ол еліміздің энергетикалық жүйесі штатты режимде және РФ мен Орталық Азия елдерінің энергетикалық жүйелерімен үйлесімді қалыпта жұмыс істеп тұрғанын атап өтті. Елімізде 237 электр стансасы бар болса, оның 79-ы дәстүрлі генерация көздері, қалғаны 158 жаңартылатын энергия көздерінен тұрады. Министрлік энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, қуаттарды кеңейтуге және цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған шараларды тұрақты негізде қабылдап келеді. Министр 26 ГВт-тан астам жаңа қуат көздерін қосу қарастырылып отырған «Энергетика саласын 2035 жылға дейінгі дамыту жоспары» аясындағы жұмыстар қарқынды түрде жалғасып жатқанын айтты. Жаңа қуаттарды іске қосу қолданыстағы стансаларды жаңғырту арқылы да және жаңа қуат өндіру қондырғыларын салу арқылы да жүзеге асырылады. Осылайша, 2029 жылы Қазақстанның энергетика жүйесін профицитке шығару жоспарлануда.

«Энергетика министрлігі 2029 жылға дейін еліміздің энергетика жүйесінде жаңадан 6,7 ГВт қуат көздерін іске қосуға мүмкіндік беретін 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Былтыр 770 МВт-тан астам жаңа қуат

көзі іске қосылған болса, оның 608 МВт-ы дәстүрлі, ал 163 МВт-ы жаңартылатын энергия көздері. Ал 2025 жылға белгіленген 621 МВт-тың 166-сы дәстүрлі генерация, ал 9 нысан, яғни 455 МВт – ЖЭК. Бүгінгі таңда 370 МВт іске қосылды, оның ішінде 216 МВт жаңартылатын энергия қуаты. Жылдың соңына дейін 251 МВт іске қосылады. 2026 жылы шамамен 2 600 МВт, оның ішінде жиынтық қуаттылығы 174 МВт жаңартылатын энергия объектісін енгізу жоспарлануда. 2027 жылы қуаттылығы шамамен 1 500 МВт, оның ішінде 573 МВт-тың 13 ЖЭК объектісін іске қосу қарастырылып отыр. 2028 жылы 2 мың МВт-тан астам қуаттылықты, оның ішінде 245 МВт 3 жаңартылатын энергетика нысанын пайдалануға беру көзделуде. Осылайша, 2029 жылы экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін толық қамтимыз деп күтіп отырмыз, энергетика жүйесін профицитке шығару жоспарлануда, бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға да мүмкіндік береді», — деді Ерлан Аққенженов.

Сондай-ақ энергетика министрі Үкімет отырысында Мемлекет басшысының көмірден алынатын қуат көзін таза көмір технологиясы базасында дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес



Ерлан АҚКЕНЖЕНОВ,
энергетика министрі

атқарылып жатқан жұмыстардың барысы туралы баяндады. Ол министрлік тарапынан қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуды көздейтін экологиялық талаптар мен нормаларға сай келетін бірқатар ірі жобаны, соның ішінде маневрлік режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отырғанын атап өтті. Ендігісі Екібастұз ГРЭС-3-тің құрылысын салу үшін инвесторды айқындау бойынша тендер өткізілді және Курчатов қаласында ЖЭС салу үшін тендер жариялау жоспарлануда. Тікелей шарттар шеңберінде министрлік «Самұрық-Энерго» АҚ компаниясымен бірлесіп Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу жобаларын жүзеге асыруда, онда түтін газдарын сүзудің озық жүйелері, ауыр металдарды тұтып қалу технологиялары қолданылатын болады.

Маневрлік генерацияны құруға бағытталған аукционды өткізу аясында Астана және Шымкент қалаларында

бу-газ қондырғыларын салу бойынша аукцион жарияланды. Жалпы аталған механизм оң нәтижелер көрсетуде және 2022 мен 2024 жылдары жалпы қуаты шамамен 2,5 ГВт болатын бу-газ қондырғыларын салу бойынша 8 жобаның инвесторларын анықтауға мүмкіндік берді. Қытайдан, Еуропадан және араб елдерінен келген стратегиялық инвесторлардың қатысуымен үкіметаралық келісімдер шеңберінде қуаты шамамен 3,8 ГВт жаңартылатын энергия көздері мен 1,1 ГВт энергияны жинақтайтын жүйелерді құруға бағытталған ауқымды жобалар пысықталуда. 2035 жылға дейін жоспарланған жаңартылатын энергия көздерінің электр энергияны тұрақсыз беруін ескере отырып, энергетикалық жүйенің сенімділігін арттыру үшін, оларды маневрлік бу-газ қондырғылары арқылы теңдестіру жоспарлануда.

Сонымен бірге энергетика министрі Ерлан Аққенженов еліміздің отын-энергетика кешенін (ОЭК) цифрландыру барысы туралы баяндады. Ол қазіргі уақытта «Отын-энергетика кешенін бірыңғай мемлекеттік басқару жүйесі» (EnergyTech) атты салалық платформасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүруде екенін атап өтті. EnergyTech платформасы отын-энергетика кешенінің барлық саласын бір платформа базасына біріктіреді. Ол энергетика секторы, кен пайдалану және қайта өңдеуден бастап көмір өнеркәсібіне дейінгі ОЭК-тің 10 негізгі бағыты бойынша басқару процестерін кешенді үйлестіруді қамтамасыз етеді. Жүйені толық көлемде жасап шығарып, өнеркәсіптік деңгейде қолданысқа енгізу 2026-2027 жылдарға жоспарлануда.

Жалғасы 2-бетте. ►

2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 6,7 ГВТ ЖАҢА ҚУАТ КӨЗІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

І Басы 1-бетте.

«Биыл барлығы 7 цифрлық сервис пайдалануға берілді, оның ішінде 2 сервис энергетика секторында іске асырылды. Олар – күзгі-қысқы кезеңге дайындық пен оның өту барысын мониторингтеуге арналған цифрлық сервис және шекті тарифті бекітуге арналған цифрлық сервис. 2025 жылы күзгі-қысқы кезеңге дайындық пен оны өткізу барысына мониторинг жүргізу жөніндегі салалық цифрлық сервис бүгінде тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Аталған сервис активтердің толық есебін және бақылауын, нысандардың онлайн-мониторингін жүзеге асырады, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын біртұтас цифрлық ортада жоспарлауды қамтамасыз етеді. Осы уақытқа дейін деректерді бірыңғайландыру, элементтер мен активтер иерархиясын типтендіру және жабдықтарды нормативтер мен жөндеу циклдерімен байланыстыру мақсатында жүйеде барлық нысандардың, тораптар мен жабдықтардың цифрлық тізілімдері құрылды. Енді бүгінде сервис нақты уақыт режимінде генерация нысандарының жұмыс режимдері туралы деректерді қабылдайды. Келесі кезең – қағаз түріндегі ақаулық журналдардан цифрлық тізілімдерге толық көшу. Верификацияланған деректерді жүктеу, жөндеу мерзімдерінің сақталуын тұрақты бақылау және сервисінің функционалын жетілдіру – салалық бақылау сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Мониторинг жүргізу жөніндегі салалық цифрлық сервис пен күтілетін әсер: күзгі-қысқы кезеңге дайындық мониторингінің жалпы мерзімін 90 күнге дейін қысқарту, және кезеңдегі апаттылық тәуекелін 25%-ға дейін төмендету.

Сол сияқты биыл станциялар бойынша шекті тарифтерді бекітуге өтінімдерді беру және қарау жөніндегі цифрлық сервис те тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Сервис қағаз түріндегі құжат айналымын толық жояды, министрлік қызметінде рәсімдердің ашықтығын және басқарылуын арттырады, сондай-ақ орындалу мерзімдері мен операциялық шығындарды қысқартады. Қазіргі кезеңде сервис 63 субъектіні, 83 генерация нысанын қамтиды, барлығы 1 664 құжат өңделді. Қағаз тасымалдауыштар мен қолмен есептеулерден толық цифрлық процеске көшу нақты нәтижелер берді. Мәселен, мақұлдау регламенттеріндегі бизнес-процестер саны 2 есеге қысқарды, өтініш берушілерге түсетін әкімшілік жүктеме 56%-ға азайды», — деп нақтылады Ерлан Ақкенженов.

Министрдің айтуынша, электр энергиясын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша төмен және орта кернеулі желілерде қамту деңгейі әлі де жеткіліксіз. «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жоба аясында электр энергиясын интеллектуалды есепке алу жүйелерімен қамту үлесін арттыру жоспарлануда. Осыған байланысты үш жыл ішінде 27 электрмен жабдықтау субъектісінде 4 миллион «ақылды» есепке алу аспаптарын орнату көзделген. Күтілетін экономикалық тиімділік: электр энергиясының нормативтік шығындарын қысқарту есебінен 57 млрд теңге құрамақ.

Ал жылу энергиясын есепке алу бойынша да осындай жұмыстар жүруде. Ұлттық жоба аясында жылу энергиясын автоматтандырылған есепке алуды ел бойынша кеңінен тарату жоспарлануда. Бұл тұста жылумен жабдықтау нысандары мен ірі тұтынушылар есепке алу құралдарымен қазірдің өзінде жабдықталған, алайда негізгі

олқылық магистральдық және тарату жылу желілерінде болып отыр. Мұндағы жалпы қажеттілікті қамту үшін 52 субъект бойынша шамамен 30 мың «ақылды» жылу энергиясын есепке алу аспабын орнату қажет. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, кешенді есепке алу нәтижесінде жылу энергиясын тұтынуды 15%-ға дейін үнемдеуге болады.

«Ұлттық жоба аясында аспаптан-дыру кезінде жергілікті есепке алу құралдарын өндірушілерге басымдық беріледі. Интеграцияның бірыңғай архитектурасы барлық есепке алу аспаптарынан деректерді EnergyTech платформасының аналитикалық базасына жинауды қамтамасыз етеді. «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жоба мен «Электр энергетикасы туралы» заңның аясында ОЭК саласында Салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығын және Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын құру көзделген. Салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығы автоматтандырылған басқару жүйелерін қорғауға басымдық бере отырып, салалық талаптарды әзірлеуді, ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарының жұмысын үйлестіреді. Сондай-ақ, кибероқиғалардың индикаторларымен алмасып, отын-энергетика кешенінде киберқауіпсіздік саласындағы кадрлық әлеуетті дамытуы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторы ОЭК субъектілерінің технологиялық деректерін Энергетика министрлігінің Ахуалдық-талдамалық орталығына үздіксіз және қорғалған түрде беру үшін қауіпсіз байланыс арналарының жұмысын қамтамасыз етеді», — дейді министр.

Оның айтуынша, Энергетика министрлігінің Ахуалдық-талдамалық орталығы (АТО) 2024 жылдың IV тоқсанында іске қосылған. АТО – EnergyTech платформасының эталондық анықтамалықтары мен біріктірілген онлайн деректер ағындары негізінде ОЭК салаларына мониторинг жасаудың

негізгі құралы. Орталық энергия өндіру, тарату және тұтыну нысандарынан келіп түсетін деректерді қорғалған онлайн режимінде жинауды, тексеруді, сәйкестендіруді және талдауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Қазақстанда отын-энергетика кешенінде ЖИ технологияларын қолдану мәселесі белсенді түрде талқылануда. Бұл туралы Үкімет отырысында энергетика министрі Ерлан Ақкенженов хабарлады.

«Осы мақсатта ОЭК саласына ЖИ енгізу жөніндегі акселерациялық топ құрылған, оның құрамына саланың жетекші компанияларының өкілдері кірді. Топтың негізгі міндеті – салалық қажеттіліктерді айқындау және ЖИ технологияларын енгізу бойынша пилоттық жобаларды жүзеге асыру бағытында күш-жігерді біріктіру. Сонымен бірге биыл ЖИ шешімдері бар ғаламдық вендорлар мен IT-компаниялардан тұратын AI-альянс құрылды. Отандық IT әзірлеушілерді қолдау мақсатында министрлік пен Astana Hub резиденттері арасында салаға ЖИ шешімдерін енгізу және сол бағытта бірлесіп сынақтар өткізу жөнінде меморандумдарға қол қойылды», — деп атап өтті Ерлан Ақкенженов.

Министрдің айтуынша, биыл екі ЖИ шешімі пилоттық сынақтан сәтті өткен. Оның біріншісі – дрондар мен ЖИ технологияларын пайдалана отырып, әуе электр тарату желілерін дефектоскопиялау, яғни ақауын тексеру. Күтілетін экономикалық тиімділік шығындарды қысқарту есебінен 2,5 млрд теңге болмақ. Екіншісі – роботтандырылған кешен мен ЖИ негізінде жылу желілерінің құбырларына дефектоскопия жасап, ықтимал апаттарды алдын ала болжау. Жөндеу жұмыстарын тиімді жоспарлау нәтижесінде экономикалық әсер 42 млрд теңге деп бағаланып отыр. Екі кейс те қазіргі уақытта нормативтік құжаттамаларын бекіту және кең ауқымда тарату кезеңінде тұр. Министрлік алдағы уақытта да салада ЖИ технологияларын жүйелі түрде енгізу жұмысын жалғастыра бермек.

100-ден астам қаржылық және қаржылық емес шараларды қамтитын Бірыңғай өзекті тізілім жасалды. Оның тиімділігіне мониторинг жасау үшін «Baqylauda» жүйесі енгізілді, ол ашықтық пен бағдарламаның орындалуын қадағалауға мүмкіндік береді.

МЕМЛЕКЕТ ҮЛЕСІН ТӨМЕНДЕТУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУ

Биылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 922,1 млрд теңге сомасындағы 396 мемлекеттік нысан бәсекелес ортаға берілді, 69 нысан қайта ұйымдастыруға немесе таратуға жіберілді.

Ірі мемлекеттік компаниялар IPO/SPO-ға шығарылды:

- «Қазмұнайгаз» АҚ – 153,9 млрд теңгеге;
- «KEGOC» АҚ – 22,6 млрд теңгеге;
- «Эйр Астана» АҚ – 10,6 млрд теңгеге.

Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия 3 трлн теңгеден астам баланстық құны бар 400-ден аса компанияны оңтайландыруды қолдады.

2026-2030 жылдары үш кезеңді оңтайландыру жоспарлануда:

- 1 кезең (2026) – 200-ге жуық нысан;
- 2 кезең (2027-2028) – 100-ден астам компания;
- 3-кезең (2029-2030) – 60-қа жуық компания, негізінен жылу және энергетика саласында.

Басты мақсат – мемлекеттік активтерді бәсекелес ортаға беру, экономиканың тиімділігін арттыру және жеке бизнесті дамыту үшін жағдай жасау. Сонымен қатар бәсекелес салалардағы мемлекеттік кәсіпорындар санының қайтадан өсуіне қол бермеу үшін нормативтік шарттар пысықталуда. Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуына негіз болатын тұстар қысқартылуда.

Басты мақсат – мемлекеттік активтерді бәсекелес ортаға беру, экономиканың тиімділігін арттыру және жеке бизнесті дамыту үшін жағдай жасау. Сонымен қатар бәсекелес салалардағы мемлекеттік кәсіпорындар санының қайтадан өсуіне қол бермеу үшін нормативтік шарттар пысықталуда. Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуына негіз болатын тұстар қысқартылуда.

ЭКОНОМИКАНЫ ДЕМОНОПОЛИЗАЦИЯЛАУ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдан бастап Экономиканы демополизиациялау жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Нәтижесінде қысқа мерзім ішінде бұрын жеке құрылымдар бақылайтын активтер мен қаражат мемлекеттік меншікке қайтарылды.

Атап айтқанда, республикалық және коммуналдық меншікке 17 АҚ мен ЖШС-нің акциялар пакеттері мен оларға қатысу үлестері, Шығыс Қазақстан облысындағы мүлкітік кешен, 7 ғимарат, 162 теміржол мен құрылыс нысандары, 7 автомобиль және өзге де (2 мыңнан астам бірлік) мүлкітер берілді.

Бұдан бөлек, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 1 млрд теңге аударылды. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына \$100 млн және 1,49 млрд теңге берілді.

www.primeminister.kz

(Толығырақ www.taldykorgan-online.kz желілік басылымында)

БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ШАРАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауындағы тапсырмалары аясында тұрақты өсімді қамтамасыз етуге, кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ инвестициялық тартымдылықты арттыруға бағытталған экономиканы дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруда.

2025 жылдың тоғыз айында ел экономикасының өсуі 6,3%-ды құрады. Бүгінде көлік, құрылыс, сауда және өнеркәсіп салалары экономиканың қозғаушы күшіне айналып отыр.

МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша ел экономикасының өсуі 6,3%-ға жетті, бұл жыл басындағы көрсеткіштен 2,3 пайыздық тармаққа жоғары. Өсу қарқыны қаңтардан қыркүйекке дейін жеделдеді: қаңтарда – 3,8%, қаңтар-ақпанда – 5,4%, қаңтар-наурызда – 5,6%, қаңтар-сәуірде – 6%, қаңтар-мамырда – 6%, қаңтар-маусымда – 6,3%, қаңтар-шілдеде – 6,3% және қаңтар-тамызда 6,5% болды.

Бұл өсу қарқыны экономиканы өртараптандыру және салаларды теңгерімді дамыту есебінен жүзеге асырылуда. Өсімнің негізгі драйверлері көлік және қоймалау қызметтері (+21,2%), құрылыс (+14,9%), сауда (+8,8%), тау-кен (+9,3%) және өңдеу өнеркәсібі (+6,2%) болды.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің өсуі орта және ұзақмерзімді тұрақты даму үшін берік негіз қалыптастырып отыр.

Биылғы қаңтар-қыркүйек аралығында инвестициялар жылдық мәнде 13,5%-ға, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне 30,7%-ға ұлғайды.

Инвестициялардың жаңдануы іскерлік белсенділіктің өсуімен, екінші деңгейлі банкердің бизнеске несие беру көлемінің ұлғаюымен, инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды, сондай-ақ «Тарифті инвестицияға айырбастау» және «Келешек мектептері» бағдарламаларын жүзеге асырумен байланысты.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Елімізде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны артып келеді. 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша елімізде 2 174 309 кәсіпорын тіркелген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен (2 043 760) салыстырғанда 6,4%-ға артық.



ШОБ-тың экономикадағы үлесі 38,6%-ға дейін (+0,9 пайыздық тармақ) өсті, ал өнім шығару көлемі 11,4%-ға ұлғайып, 18,7 трлн теңгені құрады.

БИЗНЕС АХУАЛДЫ ЖАҚСARTY

2024 жылғы қабылданған бизнес жүргізу мәселелері жөніндегі заңның арқасында бизнесті тексеру азайып келеді. Жаңа тәсіл бойынша қадағалау жүйесі тексеруден профилактикалық шараларға көшу тұрғысында қайта қаралды.

Бас прокуратураның деректеріне сәйкес, 2024 жылы 53 320 кәсіпкер тексерілген, бұл мораторийға дейінгі 2019 жылмен (126 561) салыстырғанда 42,1%-ға төмен.

Мұндай үрдіс 2025 жылы да жалғасуда. Осы жылғы 6 айда тексерулер саны 1,9%-ға азайып, 46 375-ті құрады, бұл 2019 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 73,8%-ға аз.

Сондай-ақ бизнеске қойылатын 10 мыңнан астам артық талаптың күші жойылды, ал «1 in 2 out» қағидаты (қолданыстағы екі реттеу тетігін алып тастап, жаңадан бір талап енгізу) реттеу жүктемесін арттырмауға мүмкіндік берді.

Жыл соңына дейін рұқсат алу үшін қойылатын біліктілік талаптарын қайта қарау жоспарланып отыр, сондай-ақ оларды алу мерзімдері оңтайландырылады.

Бизнес пен мемлекеттің өзара тиімді іс-қимыл жасауы үшін «Менің бизнесім» атты жеке кабинет функционалы бар «eGov Business» мобилді қосымшасы іске қосылды.

Ол арқылы 30-дан астам мемлекеттік қызметке оңай қол жеткізуге болады, олар – кәсіпорындар тіркеу, салық күнтізбесі, сертификат алу және цифрлық құжаттарға қол қою және тағы басқалар.

БИЗНЕСТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

2024 жылдың қорытындысы бойынша жеңілдікпен қаржыландыру шараларымен жалпы сомасы 1,3 трлн теңгеге жуық 26 мыңнан астам бизнес жоба қамтылды.

2025 жылы микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін субсидиялауды қарастыратын жеңілдікпен несие берудің жаңа тетігі бекітілді. Субсидияланатын кредит сомасы 200 млн теңгеден аспайды, сыйақы мөлшерлемесі – 12,3%, кредит беру мерзімі – 3 жылға дейін.

Жеңілдікпен кредит беретін жаңа «Өрлеу» бағдарламасы іске қосылды, оның аясында кәсіпкерлер 10 жылға дейінгі мерзімге 12,6% мөлшерлемесі бойынша 7 млрд теңгеге дейін кредит ала алады. Бүгінде 392 млрд теңгеге кәсіпкерлік субъектілерінің 1 095 жобасы қаржыландырылды.

«Даму» қорының базасында екі кепілдік беру қоры құрылды.

1-ші кепілдік беру қоры шеңберінде құны 281 млрд теңге болатын 1 618 жобаға қолдау көрсетілді, оның ішінде кепілдіктер сомасы 154,4 млрд теңгені құрады.

2-ші кепілдік беру қоры бойынша құны 7,1 млрд теңге болатын 1 жобаға қолдау көрсетілсе, оның ішінде кепілдіктер сомасы 2,8 млрд теңгені құрады.

ЖЕТІСУДА ШЕКАРАЛЫҚ АУДАНДАРДЫ ЭЛЕКТРМЕН СЕНІМДІ ЖАБДЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛА БАСТАДЫ

Жетісу облысында шекаралық аймақтар – Алакөл және Панфилов аудандарын электрмен сенімді жабдықтау мақсатында жоғары вольтты әуе желілері мен қосалқы станцияларды салу бойынша ауқымды жобаларды іске асыру басталды.

Бірінші кезеңде биыл «Ақши» қосалқы станциясы мен ұзындығы 56,8 шақырым 110 кВ электр желісі салынды. Соның нәтижесінде жазғы шомылу маусымында энергиямен жабдықтауда үзіліс болған жоқ. Ал екінші кезеңде жаңа «Көктұма» қосалқы станциясын және «Ақтоғай» қосалқы станциясына дейінгі 220 кВ 204 шақырым электр желісін салу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Жаркент-Қорғас агломерациясын дамыту үшін «Талдықорған-500» қосалқы станциясынан «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЗА-ға дейін ұзындығы 250 шақырым 220 кВ электр желісін салу жоспарда бар.

Биылғы жылы жалпы қуаты 34,6 МВт болатын екі су электр станциясының құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ осы жылы жеке инвестициялар есебінен Текелі, Талдықорған қалаларында жалпы қуаты 73 МВт болатын екі газ турбиналық станцияның бірінші және екінші кезеңдерін



іске қосу басталды. Осылайша 2025 жылдың соңына қарай өңірдегі электр энергиясының қуаты шамамен 300 МВт-қа жетеді. Сонымен қатар 2028 жылға дейін қуаты 133,7 МВт, құны 114 млрд. теңге болатын тағы 8 су электр станциясының құрылысы жоспарланған.

Электр желілерінің тозуын төмендету бағытында да бірқатар шаралар

қабылдануда. Бұл ретте «Облыста 13,8 мың шақырым электр тарту желілері мен 2,6 мың қосалқы станциялар бар. Электр желілері мен жабдықтардың 90%-дан астамы «ТАТЭК» АҚ-ы өңірлік электр желілік компаниясының жеке меншігінде. 2023-2024 жылдары «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде 140 шақырым

электр желісі мен 7 қосалқы станция жаңартылды. 2025 жылы бекітілген инвестициялық жоспар аясында 146,8 шақырым электр желісі жаңартылады. Оған қоса Энергетикалық секторды жаңғыртудың ұлттық жобасы аясында «ТАТЭК» АҚ-ы 2026–2029 жылдар аралығында 1155 шақырым желі мен 6 қосалқы станцияны жаңартуды жоспарлап отыр, бұл өңірдегі желілік жабдықтардың тозуын 49,9%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді», - делінген басқарманың хабарламасында.

Электр энергетикасы саласын цифрландыру да назардан тыс қалған жоқ. Бүгінгі таңда Талдықорған қаласында абоненттерді электр энергиясын автоматтандырылған есепке алу жүйесімен қамтамасыз ету деңгейі 49%. Алдағы жылы 34 мыңнан астам интеллектуалды есептеу құрылғысын орнату жоспарланған, бұл облыс орталығын толық жабдықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта «ТАТЭК» АҚ 4,3 млрд. теңге көлемінде инвестиция салуды жоспарлап отыр. Аталған шара электр энергиясын тұтынуды есепке алудың дәлдігі мен ашықтығын арттыруға, шығындарды азайтуға және абоненттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Еске салсақ, өңірдің энергетикалық нысандарының қазіргі жалпы қуаты 191,4 МВт.

«САРЫӨЗЕК-КӨКТАЛ» АВТОЖОЛЫН ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ



Жетісу облысында жалпы ұзындығы 178 шақырым болатын «Сарыөзек-Көктал» автожолының жөндеу жұмыстары аяқталды. Құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталып, бірнеше кезеңмен атқарылған болатын. Енді республикалық жол барлық талаптарға сай жасалды.

Аудан тұрғындары жөнделген жолдың сапасына ризашылығын білдіруде. Сонымен қатар ауылдық елді мекендердің қиылыстарында жарықтандыру шамдары орнатылып, жол белгілері мен бағыттаушы көрсеткіштер жаңартылды. Көліктердің шамадан тыс жүк тасымалдауының алдын алу мақсатында «Сарыөзек-Көктал» автожолының 50-ші шақырымына автоматтандырылған салмақ өлшеу жүйесі орнатылды. Осындай жүйе жолдың 7-шақырымына, яғни «Алацем» цемент зауытының жанындағы учаскеге де орнатылуда.

- Жалпы алғанда қойылған барлық талаптар нормативтерге сәйкестендірілді. Сарыөзек елді мекені мен Алтынемел асуының арасында ауыр жүк көліктерінің қозғалысына арналған бөлек технологиялық жол салынды. 65-шақырымда карьерлер орналасқан және осы технологиялық жол арқылы техникалардың қозғалысы жүзеге асырылады, - деді «Қазавтожол» АҚ Жетісу облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Жасұлан Қалтаев.

«Сарыөзек – Көктал» тас жолы Қойбын шатқалындағы Көмбе өзені арқылы өтеді. Мұнда көлік қозғалысы үшін жаңа көпір қолданысқа берілді. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың наурызында басталған. Сарыөзек, Қоңырөлең, Ақжазық ауылдарының жол жиегіне электр жарығы тартылып, жаяу жүргіншілер өткелі

мен жол белгілері жаңартылған.

Атқарылған жұмыстарға аудан тұрғындары пікір білдірді.

- Бұрын жолдың ой-шұңқырынан көлікпен жүру өте қиын еді. Автокөлігіміз жиі бұзылып, қайта-қайта жөндеуге тура келетін. Оған қоса жол қауіпсіздігіне де алаңдайтынбыз. Қазір жол сапасы түзу, сапалы жасалды, - деді Алмас Мырзаев.

Қоңырөлең ауылының тұрғыны Бақыт Таштахметова да жолдың жөнделгеніне риза:

- Қазір жол жиегіне жаяу жүргіншілер жолы салынды, Көктал ауылының бұрылысына дейін жарықтандырылды. Кешкілік маңай жарық, еркін жүріп-тұруға болады. Оған қоса ауылға келетін жедел жәрдем жұмысына да қолайлы болды. Ауылға кешкі уақытта Көктал ауылынан шақырылатын жедел жәрдем көлігі бұрын шамамен бір сағаттан артық уақытта жететін, қазір жол жөнделгеннен бері небары 30-35 минутта келеді, - дейді ол.

Атап өтсек, соңғы үш жылда Жетісудың Кербұлақ және Панфилов аудандарының аумағындағы республикалық маңызы бар жалпы ұзындығы 241 шақырым жол жөнделді. Атқарылған жұмыстар жол жабынын белгіленген нормативтік талаптарға сай жақсы техникалық күйге келтіруге мүмкіндік берді.

Фотосуреттерді «Қазавтожол» АҚ облыстық филиалы ұсынды



ТАҚЫРЫПТЫҚ МУРАЛДАР САЛЫНДЫ

Жетісу облысында Республика күніне орай бір күнге тақырыптық үш мурал бір уақытта ашылды. Жоба Президенттің «Әділетті Қазақстан» идеологиялық бағдарламасы аясында өңір жастарының бастамасымен жүзеге асырылып, азаматтық жауапкершілікті, экологиялық мәдениетті және қоғамдағы әділдік қағидаларын нығайтуға бағытталды.



«Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Заң мен Тәртіп» қағидаларының негізгі принциптерін насихаттау мақсатында салынған бұл муралдар Сарқан ауданының Сарқан қаласындағы, Қаратал ауданының Үштөбе қаласындағы және Көксу ауданының Балпық би ауылындағы көп қабатты үйлер қабырғасының көркін кіргізіп тұр.

- Біз үшін мурал – тек қабырғадағы сурет ғана емес, өмірде қандай ұстанымдарды таңдайтынымызды еске салатын маңызды жазба. Сондықтан салынған бұл муралдар қоршаған ортаға ұқыпты қарау мен экологиялық мәдениетті дамыту арқылы тұрақты болашақ қалыптастыру идеясын, адалдық, жеке жауапкершілік және қоғам өміріне белсенді қатысу құндылықтарын, тұрақты әрі әділ мемлекет құруда заңның үстемдігі мен қоғамдық тәртіптің маңыздылығын көрсетеді. Тазалық сақтау, адал еңбек ету, заңды және адамдарды құрметтеу – қоғамды тұрақты әрі әділ ететін құндылықтар. Сондықтан біз болашағымызды күн сайынғы іс-әрекетіміз қалыптасады деп сенеміз, - деді «Жетісу жастары» КММ директоры Шәміл Ванкеев.

Фотосуретті «Жетісу жастары» КММ ұсынды
Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАР ГАЗБЕН ҚАМТЫЛЫП, ЖҰМЫССЫЗДЫҚ АЗАЙДЫ



Талдықорған қаласының қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, онда қалалық округ тұрғындарын газбен қамту, мәдениетті дамыту, жұмыспен қамтуды арттыру мәселелері туралы жауапты мекеме басшыларының есебі тыңдалды.

«Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ басшысы Алмас Барлыбековтың баяндамасына сүйенсек, қаланы газдандыру ісі 2016 жылы басталып, бір жыл өткенде талдықорғандықтар табиғи газдың рахатын көре бастаған. Құрылысқа тапсырыс беруші – Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы болып табылады. Қала бойынша газ құбырының жалпы ұзындығы – 1 261,9 км. Газбен қамтылу деңгейі – 90,3%, оның ішінде 39 215 абонент қосылған (жеке тұрғын үйлер – 20 374, пәтерлер – 18 349, кәсіпорындар – 492).

Сонымен қатар, қала бойынша газ желісімен қамтылмаған 6 саяжай қоғамы және 1 тұрғын үй алабын газдандыру мақсатында жыл басынан «Жобалық Шешім» ЖШС жобалық-сметалық құжаттама (ЖСҚ) әзірленіп, 5 саяжай және 1 тұрғын алап бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынған.

- Қаратал (214 жер телімі),
- Қызыл тас (1401 жер телімі),
- Балықты (22 жер телімі),
- Алмалы (416 жер телімі),
- Ащыбұлақ (896 жер телімі),
- 1-бөлімше ИЖС – барлығы 3950 жер телімі.

Қалған «Мерекелік» (653 жер телімі) саяжайы бойынша сараптама алудың мерзімі осы айдың аяғына жоспарланған.

«Жастар-3» тұрғын ауданына 913,3 млн.тг. қарастырылып, 25 шақырым газ желісі тартылып, оны «JANA KZ QURYLYS» ЖШС іске қосқан.

Талдықорған қаласы Жетісу облысының орталығы болғандықтан «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі және оған қарасты мәдениет ошақтары Талдықорған қаласында өткізілетін қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық шараларды ұйымдастыруға және өткізуге белсене атсалысады. Бұл туралы егжей-тегжейлі баяндаған «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы Эльмира Мұқышева атқарылған жұмыстардың қорытындысына тоқталды.

Бүгінгі күні қала аумағында мемлекеттің мәдениет және тіл саясатын арттыру, жалпы халықтың бос уақыттарын тиімді өткізу, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында бөлімге қарасты 14 мәдени ошақ жұмыс жасайды.

Ағымдағы жылдың 10 айында бөлім және бөлімге қарасты мәдениет ошақтарымен атқарылған іс-шаралар саны 2105, оған қамтылған адамдар саны

326178 құраған.

Түрлі байқаулар арқылы қалада өнер мен мәдениет әрқашан жоғары бағаланып, жас таланттарға үлкен қолдау көрсетіліп, жастардың өзін танытуына, шығармашылықтарын дамытуына жол ашып отыр.

Талдықорған қаласының 21 көркемөнерпаздар ұжымы 2025 жылы 7 - облыстық, 22 - республикалық, 16 - халықаралық байқауларға қатысып, 34 бас жүлде, 11 I-орынды иеленді. Қатысушылар саны 795 адам. Облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардағы қатысушылар саны мен жеңіс санының өзі мәдениет саласының дамып жатқанын көрсетеді.

Кітап қоры – 350802 дана. Кітапханалардың 4017 жұмысы сайтқа енгізіліп, сайттың қолданушылары мен оқырмандарының саны 189125-ға жеткен.

Ұлы Жеңіске 80 жыл толуына орай «Жырлайық Ұлы Жеңісті», Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім!» өлеңін мөнерлеп оқу сайысы өткізілсе, айтыс өнерінің майталманы Сүйінбай Аронұлының туғанына 210 жыл толуына орай «Бөрілі менің байрағым» әдеби сағаты, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Алматы облысының «Құрметті азаматы», өнер қайраткері - Алмахан Кенжебекованың 75 жасқа толуына орай «Өнер таусылмас азық, жұтамас байлық» кездесу кеші өткізілген.

Сонымен қатар «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында Өтенай ауылдық мәдениет үйінде «Адал еңбек» атты 10 бөлімнен тұратын кең көлемді кітап көрмесі ұйымдастырылған. Танымал ақын-жазушылардың қатысуымен кітапты дәріптеуге бағытталған басқа да көптеген шаралар өткізіліп, жалғасын табуда.

Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне қойылған тағы бір маңызды мәселе жұмыспен қамту туралы «Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Мәди Шакеновтің баяндамасы тыңдалды. Аталмыш мекеме мемлекеттік қызметтің 15 түрін көрсетеді. 2025 жылдың 1 қазанына бөліммен 14688 мемлекеттік қызмет қамтылған.

Әлеуметтік сала бойынша 2025 жылы 9 айда 10021 адамға әлеуметтік көмек көрсетіліп, 842,6 млн теңге қаржы игерілген. Жыл басынан бері 1039 отбасы 467,3 млн. теңгенің атаулы әлеуметтік көмегін алған. Отбасының материалдық жағдайын зерттеп-қарау барысында анықталған жағдайларға байланысты, бытырғы жылмен салыстырғанда атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны 33,3 пайызға азайып, 258.4 млн. теңге қаражат үнемделген. Талдықорған қаласында мүгедектері бар 5217 тұлға тұрады. Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес «Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жыл ба-

сынан 5774 адам техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етілген. Осылайша бекітілген меженің 90% орындалған. Сонымен қатар түрлі санатқа жатқызылған ардагерлер санаторлық-курорттық жолдамамен қамтылған. Қалада екі «Инвотакси» қызметі 19 автокөлігімен жұмыс істейді, оның ішінде: мүгедектері бар адамдарды тасымалдау бойынша электркөтерішті 13 арнайы автокөлік бар. «Инвотакси» қызметтері күніне 100-ге жуық тапсырысты жүзеге асырып келеді. Талдықорған қаласы бойынша «Инвагов» интерактивті картасы бойынша 152 мемлекеттік нысан тіркелген, оның ішінде: 139 мемлекеттік нысанға қаражат бөлініп, тиісті жағдайлар жасалды, 13 - нысан ішінара бейімделген. Биыл мүгедектері бар тұлғалардың инфрақұрылымдарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 18 мемлекеттік нысанға 91,1 млн. теңге қаражат бөлініп, толығымен бейімдеу жұмыстары аяқталса, 100 кәсіпкерлік нысан бойынша мониторинг жүргізіліп 60 жеке кәсіпкерлік нысан бейімделгені анықталған. Өткен жылы қала әкімінің штаттан тыс кеңесшісі В.Друзинмен 48 мемлекеттік және жеке меншік объектілерде заң бұзушылықтар анықталып, «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті» РММ-н 4,5 млн. теңге айыппұл түрінде тиісті шаралар қабылданған. Биыл мүгедектері бар адамдардың өтініштері бойынша Департаментпен 2,4 млн. теңге айыппұл салынып, толық өтелген. «Талдықорған қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте жолақы жеңілдігін беру туралы» Талдықорған қалалық мәслихатының 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 36-204 бірлескен шешімі және Талдықорған қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 276 қаулысы қабылданған. Бірлескен шешім мен қаулыда Талдықорған қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына: басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және бірінші топтағы мүгедектері бар адамдарға қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жол жүру құқығы берілді. Сонымен қатар екінші және үшінші топтағы мүгедектері бар адамдарға қоғамдық көліктегі (таксиден басқа) тариф құнының елу пайызы көлемінде жеңілдетілген жол жүру құқығы берілген. Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Жансая» оңалту орталығы бөлімшесімен Ақши жағалауындағы мүгедектері бар балаларға арналған жазғы демалыс лагері 6 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектері бар балалардың жеке, әлеуметтік, шығармашылық дамуы үшін жазғы демалысын, бос уақытын ұйымдастырды. Бөлімнің жолдамасы-

мен 60 мүгедектері бар бала және 60 ата-ана лагерлерде демалыспен қамтылған. Қазіргі таңда үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелерінде 270 жалғызбасты қарттар мен 115 мүгедектері бар балалар тіркеуде тұр. Оларға 58 - әлеуметтік қызметкер арнаулы әлеуметтік қызметтердің 8 түрін көрсетеді: әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек тұрғысынан жәрдем беруде. Ағымдағы жылы 846 отбасына 5.9 млн. теңге қосымша демеушілік көмек көрсетілген. Кеңес мүшелері назарына Талдықорған қаласы Мансап орталығының ағымдағы жыл басынан атқарған жұмыстары бойынша да ақпарат ұсынылды. Талдықорған қаласының Мансап орталығының басшысы Азамат Балтабековтың баяндауынша биылғы жылы «Алғашқы жұмыс орны» жобасында 80 адам белгіленсе, қазіргі таңда аталған жоба негізінде 74 адам алғашқы жұмыс орнына жолданған. «Жастар тәжірбиесі» жобасы бойынша 290 жас маман жұмыспен қамтылған. «Қоғамдық жұмыс» жобасы негізінде әртүрлі мекемелерге 1194 адам бағытталған. «Күміс жас» жобасы бойынша 205 адам жұмыспен қамтылған. «Әлеуметтік жұмыс орны» жобасында 63 адам әлеуметтік жұмыс орнына жолданып отыр. Ал «Ұрпақтар келісім шарты» жобасы бойынша 4 адам, «Мүгедектері бар адамдарды квотамен жұмысқа орналастыру» бойынша 48 адам жұмысқа нақты орналастырылып, жоспар 100%-ға орындалған. «Мүгедектері бар адамдарға жұмыс орындарын құру» бойынша жыл басынан 2 адамға жұмыс орны құрылған. «Пробация есебінде тұрған адамдарды квотамен жұмысқа орналастыру» негізінде жоспар бойынша 30 адам жұмысқа орналастырылды. Сондай-ақ «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққан» адамдарды квотамен жұмысқа орналастыруда 12 адам қамтылған. «Қысқа мерзімді кәсіптік оқу бойынша» 2025 жылға 125 адам жоспарланып, 125 адам оқуға жолданды. Баяндамашы сонымен қатар 2025 жылы қайтарымсыз 400 АЕК грант 30 адамға бөлу жоспарланғанын атап өтті. I-ші лек бойынша өтінімдер 21.05-03.06 аралығында қабылданған. 77 өтінім жинақталып, комиссия отырысында 15 грант иегері анықталған. II-ші лек бойынша 11.08-22.08 аралығында 67 өтінім жинақталып, тағы да 15 грант иегері анықталған. Талдықорған қаласында 2025 жылғы жоспар бойынша тұрақты бос жұмыс орнына 1930 адам бекітілген. Қазірде 1674 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Бүгінгі күнде 4205 жұмыссыз тіркелсе, оның ішінде 1476 белсенді шараларға қатысушылар, 1156 жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылар, 1573 жұмыссыз ретінде тіркеліп тұр. «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі ай сайын ұйымдастырылып, оған 987 жұмыс іздеп жүрген азамат қатысқан. Нәтижесінде 900 азамат әртүрлі кеңестер алып, 120 азамат тұрақты жұмысқа орналасқан. 102 азамат жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамтылды. Жастардың кәсіби бағдарын айқындауға, еңбек нарығындағы мүмкіндіктермен таныстыруға «Мансап компасы – табысты болашаққа бағыт» атты кездесулер ұйымдастырылуда. Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан және Пробация есебінде тұрған азаматтармен кездесулер, жұмыспен қамту шаралары атқарылуда. Мемлекеттік бағдарламаларды халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында жылжымалы мансап орталығы арқылы ақпараттық түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2023 жылғы 30 маусымдағы №275 бұйрығына сәйкес 2026 жылға субсидияланатын жұмыс орындарына қараша айынан бастап өтінімдерді қабылдау басталады.

Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамаларды назарға алып, жауапты сала басшыларына сауалдарын қойды.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

АКТУАЛЬНО УСИЛИВАЕТСЯ КОНТРОЛЬ ЗА ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ БЮДЖЕТНЫХ СРЕДСТВ

О результатах работы департамента внутреннего государственного аудита по области Жетісу за 9 месяцев 2025 года рассказал руководитель ведомства Кордай Бекмурзин на брифинге Региональной службы коммуникаций.



По его словам, за отчетный период проведено 57 аудиторских мероприятий, в том числе 13 плановых и 44 внеплановых. Аудитом охвачено 29,2 млрд тенге бюджетных средств, при этом установлены нарушения на сумму 16,6 млрд тенге, что составляет 56,9% от общего объема. Из них: финансовые нарушения — 4,3 млрд тенге (15%), процедурные — 12,2 млрд тенге (42%). Часть нарушений уже устранена: восстановлено, возмещено и отражено по учету 2,9 млрд тенге.

— В целом на возмещении в бюджет остаются средства в размере 419 млн тенге, из которых уже возвращено 11,6%. Работа по устранению нарушений продолжается, — отметил Кордай Бекмурзин.

По итогам аудитов объектам направлено 56 предписаний, из которых 43 исполнены полностью. По одному материалу — в отношении отдела внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района — возбуждено уголовное дело.

К дисциплинарной ответственности привлечено 47 должностных лиц, административные взыскания наложены на 551 сотрудника, общая сумма штрафов составила 38,4 млн тенге.

В органы прокуратуры направлены четыре материала аудитов. Наиболее крупные нарушения выявлены в отделе жилищных отношений города Талдыкорган — на сумму 7,5 млрд тенге (на рассмотрении).

За январь—сентябрь 2025 года под камеральный контроль попали 13088 лотов на сумму 583,8 млрд тенге, из которых охвачено 99,1%. В результате направлено 1237 уведомлений об устранении нарушений, из которых 98,7% исполнено.

С января 2025 года департамент активно использует модуль «Онлайн-бюджетный мониторинг» (ОБМ), охватывающий сферу образования, здравоохранения, спорта и культуры.

По результатам мониторинга 409 объектов направлено 1114 уведомлений по рисковым платежам на сумму 555,3 млн тенге. Нарушения подтвердились по 74 случаям на сумму 102,9 млн тенге, из них 6,4 млн тенге уже возвращены в бюджет.

Для возмещения ущерба в судебные органы направлено 35 исков на общую сумму более 3,1 млрд тенге, в том числе по материалам 2022—2025 годов.

На рассмотрении суда также находятся дела по: Кербулакской центральной районной больнице — 49,7 млн тенге, отделу ЖКХ Алакольского района — 83,7 млн тенге, Талдыкорганской городской многопрофильной больнице — 166,8 млн тенге.

За 9 месяцев текущего года в департамент поступило 693 обращения от физических и юридических лиц, из них 552 рассмотрены, 121 перенаправлено в компетентные органы, 20 находятся на рассмотрении.

Все обращения рассмотрены в установленные сроки, нарушений регламентов не выявлено.

Работа департамента внутреннего государственного аудита направлена на обеспечение прозрачности расходования бюджетных средств и повышение эффективности управления ими. По словам Кордая Бекмурзина, ведомство продолжит усиливать профилактическую и контрольную деятельность в целях недопущения нарушений в будущем.

РЫБНОЕ ХОЗЯЙСТВО БОЛЕЕ 750 ТЫСЯЧ МАЛЬКОВ — В ОЗЕРА РЕГИОНА

В водоемах области Жетісу ведется комплексная работа по сохранению и воспроизводству рыбных ресурсов. Об этом сообщил на брифинге в Региональной службе коммуникаций руководитель Балхаш-Алакольской межобластной бассейновой инспекции рыбного хозяйства Ринат Кумашев.

По его словам, на территории области расположены четыре крупных рыбохозяйственных водоема — Балхаш, Алаколь, Сасыкколь и Кошкарколь, где осуществляется как промысловое, так и любительское рыболовство.

— Одной из наиболее эффективных мер по сохранению и увеличению рыбных запасов является зарыбление водоемов молодью рыб, — отметил Ринат Кумашев. — В этом году в рамках государственного заказа запланирован выпуск 459705 сеголеток сазана — 259705 в озеро Балхаш и 200 000 в озеро Алаколь.

Кроме того, субъекты рыбного хозяйства, выполняя договорные обязательства, дополнительно выпускают 292824 сеголетки ценных видов рыб. Таким образом, общий объем зарыбления водоемов области составит 752529 мальков.

Для создания благоприятных условий естественного нереста и миграции рыб ежегодно проводятся масштабные природоохранные акции «Нерест» и «Чистые водоемы».

В этом году в рамках акции «Чистые водоемы» из водных объектов области изъято более 17 километров брошенных сетей, а также собрано около 6 тонн бытового мусора. В мероприятии приняли участие 218 человек, были задействованы 34 лодки и 38 автомобилей. Среди участников — сотрудники правоохранительных органов, ДЧС, представители акимата, работники рыбных хозяйств и местные жители.

В период нереста проводятся рейды по предупреждению незаконного вылова рыбы. По итогам акции «Нерест-2025» выявлено 27 фактов нарушений природоохранного законодательства, к административной ответственности привлечено 25 человек, наложено штрафов на сумму около 500 тысяч тенге, предъявлено исков на 1,3 млн тенге. Из незаконного оборота изъято около 100 кг рыбы и 16 единиц запрещенных орудий лова.

С начала года инспекцией зафиксировано 227 нарушений, возбуждено 12 уголовных дел, по десяти из них судом

вынесены приговоры — виновные лица получили наказание в виде ограничения свободы и лишения права заниматься рыболовством.

Для снижения нагрузки на естественные водоемы государством реализуется Программа развития рыбного хозяйства на 2021—2030 годы.

Ее цель — увеличить обеспеченность населения рыбной продукцией, создать условия для развития аквакультуры, сохранить и рационально использовать водные ресурсы.

На территории области Жетісу сегодня действует 28 рыбоводных хозяйств, которые в этом году планируют вырастить более 1200 тонн товарной рыбы.

— Государственная поддержка включает субсидирование 30% стоимости кормов, возмещение 25% затрат на приобретение техники и оборудования, а также до 50% компенсации расходов на рыбомерно-биологические обоснования, закуп мальков и содержание маточного поголовья. Комплекс предпринимаемых мер не только способствует восстановлению рыбных запасов, но и создает новые рабочие места, особенно в сельской местности, — добавил руководитель инспекции.

МСБ БИЗНЕС РАСТЕТ ВМЕСТЕ С ИДЕЕЙ

Истории компаний, начавших свой путь с торговли и впоследствии перешедших к собственному производству, наглядно демонстрируют закономерный путь развития предпринимательства. Именно торговая деятельность позволяет накопить капитал, опыт и понимание рынка, чтобы затем расширить бизнес, создать собственный продукт и укрепить независимость компании.



Развивая свой бизнес, предприниматель решил сделать следующий шаг — открыть собственный швейный цех по производству и пошиву национальной одежды в этностиле, а также повседневной одежды для мужчин и женщин. Это решение продиктовано растущим спросом на индивидуальный пошив и нестандартные размеры, что открывает перспективы для расширения рынка.

Для реализации проекта Айберген Сұраншы обратился за поддержкой в АО «ForteBank» и получил инвестиционный кредит на приобретение здания. Гарантию по проекту предоставил Фонд «Даму» в рамках программы гарантийного финансирования.

Особое внимание предприниматель уделяет кадровой политике. По его словам, успех будущего швейного цеха во многом зависит от профессиональной и сплоченной команды. Поэтому для работы на производстве будут привлечены опытные специалисты, хорошо знакомые с технологиями пошива одежды.

Новый проект обещает стать не только очередным этапом в развитии бизнеса, но и вкладом в развитие местного производства, создание новых рабочих мест и продвижение казахстанского бренда качественной одежды.

БОРЬБА С НАРКОМАНИЕЙ СТЕНА — НЕ МЕСТО ДЛЯ РЕКЛАМЫ

В Талдыкоргане на площадке городского управления полиции прошла акция под названием «Стена — не место для рекламы!», организованная в рамках оперативно-профилактического мероприятия «Порядок». Ее целью стало привлечение внимания к проблеме незаконной рекламы наркотиков в городской среде.

В акции приняли участие сотрудники управления по противодействию наркопреступности, участковые инспекторы, а также представители молодежного крыла «Жастар Рухы» партии «AMANAT» и активисты объединения «Jetisu jastary».

В ходе мероприятия прозвучали выступления старшего прокурора прокуратуры Талдыкоргана Мади Насылханова, старшего оперуполномоченного управления по противодействию нар-

копреступности подполковника полиции Меруерт Искаковой, председателя молодежного крыла «Жастар Рухы» при партии «AMANAT» области Жетісу Куаныша Сайлаубая и преподавателя производственного обучения колледжа сервиса и технологий Александра Зуева. Они отметили о необходимости объединения усилий в борьбе с наркоугрозой, важности воспитания молодежи в духе ответственности, соблюдения порядка и здорового образа жизни.

К акции присоединились 47 волонтеров из учебных заведений Талдыкоргана, а также 14 активистов организации «Jetisu jastary». Участники закрашивали запрещенные надписи и граффити, содержащие скрытую рекламу наркотических веществ. Всего было устранено 11 таких надписей, нанесенных на жилые дома, остановки и другие общественные объекты.

По информации департамента полиции области Жетісу, с начала года в регионе проведено 19 рейдов, в ходе которых было закрашено 67 надписей с запрещенной символикой. Возбуждено 9 уголовных дел по фактам пропаганды и незаконной рекламы наркотиков (статья 299-1, часть 1 УК РК).

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

МЕРЕКЕЛІК РЕПОРТАЖ ЖЕЛБІРЕ ТУЫМ, КӨККЕ ӨРЛЕЙ!



Республика күні және Егемендік туралы декларацияның 35 жылдығына орай Талдықорғандағы «Жастар» саябағында Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті. Оған Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік қызметшілер, депутаттар, жастар және басқа да түрлі сала қызметкерлері, жалпы саны мың шақты адам қатысты.

Алдымен Жетісу облыстық филармониясының, «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің өнерпаздарымен және жоғары сынып оқушыларының хорымен бірге акцияға қатысушы барша жұртшылық Мемлекеттік Гимнді орындады. Осы мезетте еліміздің Мемлекеттік Туы көкке көтерілді. Атап өтсек, Ту тұғырының биіктігі 92 метр, Тудың ұзындығы – 25 метр, ені – 12,5 метр.

Мұнан соң жергілікті өнер ұжымдары мен әртістері патриоттық мазмұндағы әндерді шырқады.

Қала тұрғыны Ерболат Тұрсынұлы:

– Мұндай мерекелік шаралар халықтың рухын көтереді. Ұлттық әуендер мен билерді көріп, шынайы мақтаныш сезімі оянады. Керемет атмосфера болды, – деп өз әсерімен бөлісті.

Еске салсақ, осы күні мұндай патриоттық акциялар бір мезгілде өңірдің барлық аудан-қалаларында өткізілді.

ЕРНАТ БӘЗІЛ «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛДЫ

Республика күні қарсаңында, Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Мемлекет басшысының Жарлығымен «Құрмет» орденімен наградталды. Құттықтаймыз!



Еліміздің өркендеуіне зор үлес қосып, халықтың игілігіне жасап жатқан қажырлы еңбегіңіз қашанда жемісті, табысты болсын!

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

АВТОЖОЛШЫЛАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл автожол саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға қатысып, жол инфрақұрылымының дамуына елеулі үлес қосып жүрген мамандарды марапаттап, оларға жылы лебізін білдіргі.



Салтанатты рәсімге өңірдің жол саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлер қатысты. Шара барысында қатысушыларға өңірдегі автожолдардың жағдайы мен алдағы жоспарлар туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, сала қызметкерлерінің еңбегін айрықша атап өтіп, үздік мамандарға Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табысталды. Ернат Дүйсенбекұлы «Сіздердің еңбектеріңіз еліміздің инфрақұрылымын дамытып, тұрғындардың қауіпсіз әрі ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл мереке – жол салып, жөндеп, күтіп ұстау жолында, сондай-ақ көлік қатынасын қамтамасыз етуге үлес қосып жүрген барлық азаматтарға деген құрмет пен алғыстың белгісі. Қала көркеюіне қосып жатқан әрқайсыңыздың үлестеріңіз зор. Бүгінде жол құрылысы жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы белсенділіктің

арқасында алдағы уақытта қаламыздың барлық жолдарын толықтай сапалы деңгейге жеткізетінімізге сенемін» – деп аталмыш сала қызметкерлерінің еңбегі қоғам өмірінің барлық бағытында маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көлік секторының әлеуетін арттырып, елімізді сенімді транзиттік хаб ретінде дамыту міндетін қойғандығын тілге тиек етті. Осы мақсатта барлық облыс пен қала, аудандардың жол инфрақұрылымының дамуы ерекше маңызға ие екендігіне, жүйелі жұмыстар атқарылып жатқандығына тоқталды. Мәселен, мамандардың есепі еңбегі мен облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың ерекше назар аударуының нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 89%-дан 91%-ға дейін артқан, бұл реттегі жұмыстар алдағы уақытта да жанданатын болады.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

КІТАПХАНАШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Республика күні қарсаңында Талдықорғандағы В. Маяковский атындағы қалалық орталық кітапханада Кітапханашылар күніне арналған салтанатты шара өтті.



Іс-шараға қала әкімі Ернат Бәзіл, зиялы қауым өкілдері мен кітапхана қызметкерлері қатысты. Қала әкімі өз сөзінде кітапханашылардың қоғамдағы рухани құндылықтарды дәрiптеудегі еңбегін жоғары бағалап, сала үздіктерін марапаттады.

Сондай-ақ, Талдықорған қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Күлпан Сейтжанова арнайы бейнетаныстырылым арқылы мекеменің тыныс-тіршілігі мен жетістіктерін көпшілік назарына ұсынды.

Шара аясында қала әкімі «Жұмысшылар жылы», «Адал еңбек», «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы» және «Абайдың 180 жылдығы» тақырыптарында ұйымдастырылған арнайы кітап көрмесін аралап, ондағы туын-

дылармен танысты.

Айта кетейік, Талдықорған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі 2003 жылы құрылған. Оның құрамына 9 қалалық және 5 ауылдық кітапхана кіреді. Бүгінде кітапхана жүйесінің қоры 350 мыңнан астам дананы құрайды. Мұнда 27 қызметкер, соның ішінде 6 жас маман еңбек етеді.

Қорда 1960 жылдарға дейінгі сирек кездесетін 158 кітап сақталған. 2018 жылдан бастап кітапханалар заманауи Web-РАБИС автоматтандырылған кітапхана жүйесімен жұмыс істейді. Бұл бағдарлама кітап қорын электронды форматта басқаруға және оқырмандарға қызмет көрсетуді тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беруде.

ЖАҢА ДЕМАЛЫС АЛАҒЫ



Талдықорғанда жаңа демалыс алаңы ел игілігіне берілді. «Бірлік» шағын ауданында орналасқан сквердің құрылысы биыл наурыз айында басталған.

Жобаның жалпы құны – 270 миллион теңге. Бұған дейін қала күні қарсаңында өңірде жаңа саябақ ашылса, Республика күніне орай пайдалануға берілген бұл саябақ тұрғындарды қуантты.

Назгүл Нұрланқызы, Талдықорған тұрғыны:

– 7-үйдің тұрғынымын. Соңғы жылдары «Бірлік» шағын ауданы көркейіп келеді. Балалар мен ересектерге арналған демалыс орындарының көбеюі бізді қуантады.

Алмас Барлыбеков, қалалық ТҮКШ бөлімінің басшысы:

– 2024 жылы бұл жоба әзірленіп, 2025 жылға қаржы бөлінді. Наурыз айынан бастап құрылыс жұмыстары жүргізілді. Жалпы, нысанның аумағы 0,62 гектарды құрайды. Жобаның жалпы құны 270 миллион теңге. Мұнда мәрмәрдан жасалған орындықтар, жарық шамдар орнатылып, көгалдандыру жұмыстары толық аяқталды.



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

«Қайнар-АКБ» зауыты – облыс экономикасын ілгерілетуде және жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуда елеулі үлес қосып келе жатыр. Бүгінде бұл өндіріс орны өңірдегі ең ірі кәсіпорын болып саналады. Мұнда мыңнан астам адам тұрақты түрде еңбек етуге. Соның бірі – аккумулятор пластиналарын даярлау цехының тәжірибелі қызметкері, өзіне жүктелген міндетке адал, жауапкершілігі жоғары маман Руслан Желгелдинов. Ол өндіріс үдерісінің маңызды буыны ретінде жұмыс нәтижесінің сапалы шығуына тікелей үлес қосады. Отандық жергілікті өнімнің әлемдік нарықта кеңінен танылуы ұжым мүшелерінің осындай тынымсыз еңбегі мен сапаға деген адалдығының айғағы десек артық болмас.

ОТАНДЫҚ ӨНІМНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС

Аталмыш учаскеде аккумулятордың «жүрегі» саналар бөлшегі, маңызды элементі даярланады. Ол бұл салада бірнеше жылдан бері еңбек етіп келеді. Негізгі міндеті – шикізатты қабылдау және дайындау, қорғасынды балқыту, одан тор түріндегі пластиналарды құю, оларды кептіру және өңдеу. Әрбір іс нақты технологиялық нұсқаулықтарға сай орындалады, себебі, азғантай қате аккумулятордың сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан аталмыш процесс жоғары зейін мен ұқыптылықты қажет етеді. Жұмыс барысында заманауи технологиялар мен қауіпсіздік талаптары қатаң сақталып, әрбір қызметкердің кәсіби шеберлігін арттыруға баса назар аударылады. Кейіпкеріміз әр қадамына мұқият, жұмысына тиянақты, зауыттың абыройын арттыруды көздейді. Руслан Сейтқұлұлы «Еңбектің маңыздылығын, құндылығын жете түсініп өскен ұрпақтың біріміз. Ата-анамыз жастай-мыздан адал азамат болу ұғымын, еңбеккер болу идеясын санамызға сіңірді. Содан болса керек жұмыстың жеңіл-ауырына қарамастан, бастысы ризық-несібені адалынан табуды мақсат ететіндігіміз. Бүгінгі таңда өзін басы-қасында жүрген мекемеде түрлі салада қолданылатын аккумулятор батареяларының 50-ден астам түрі шығарылады. Өнімдеріміздің сапасы жоғары, сондықтан Ресей, Қытай, БАӘ, Италия, Польша сияқты шет елдерге де кеңінен танымал. Өз қолымызбен жасалған отандық өнімнің шет мемлекетте сұранысқа ие болуы әрқайсымыз үшін үлкен мақтаныш, мәртебе. Осындай ірі өндірістің дамуына өз үлесімді қосып жүргеніме қуаныштымын» – дейді. Ол үшін бұл жай ғана жұмыс емес, бұл қарекеттің қадірін сезіну. Оның қолынан шыққан әр бұйым – ел игілігіне қосылған үлес, еңбектің мәңгі өшпес ізі.



Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

➤ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

«ҚАЙНАР» ЗАУЫТЫНДА ЖАҢА ЖЕЛІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Талдықорғандағы «Қайнар» аккумулятор зауытында жаңа желі іске қосылды. Кеңейтілген өндіріс жылына 100 мың гана аккумулятор шығаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ 150-ге жуық адам жұмыспен қамтылған. Өңір басшысы зауыттың жаңа желісімен танысып, ұзақ жылдар бойы еңбек еткен қызметкерлерді марапаттады.

Асқар Рахымов бұл кәсіпорында 15 жыл бойы еңбек етіп келеді. Аккумулятор құрастыратын еңбеккер «зауыттың дамуына қосқан үлесі үшін» Алғыс хатымен марапатталды. Арнайы оқудан өткен ол қазір өндіріс орнының жаңа желісінде жұмыс істейді.

Асқар Рахымов, зауыт қызметкері:

— Барлық жағдай жасалған. Айлығымыз жақсы. Жаңа технологияда жұмыс істеп жасап жатырмыз. Арнайы мамандар келіп тұрады. Оқытып тұрады. Әрбір маманды оқудан өткізеді.

Зауыттың жаңа желісі өнімнің сапасын жақсартады әрі жұмыстың тиімділігін арттырады. Өйткені кәсіпорын толықтай заманауи техно-

логиямен жабдықталған. Жобаның жалпы құны - 10 млрд теңге.

Ербол Әжмағамбетов, «Қайнар АҚ» ЖШС бас директоры:

— Қазіргі уақытта зауытта автоматтандырылған есеп жүйесі жұмыс істейді. Экономикалық үдерістерді реттеу үшін PR жүйесін енгіздік. Болашақта жасанды интеллект технологияларын үйреніп, өз жұмысымызға енгіземіз.

«Қайнар АҚ» - еліміздегі ең ірі аккумулятор зауыттарының бірі. Жылына 3 млн. аса өнім шығарады. Отандық тауар ішкі нарықпен қатар Ресей, Германия және Орталық Азия елдеріне экспортталады.

ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ НЫСАНДАРЫНДА

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қала аумағындағы бірқатар құрылыс және абаттандыру нысандарын аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Жұмыс барысында ең алдымен «Бірлік» және «Құлагер» шағын аудандарындағы көпқабатты тұрғын үйлердің құрылыс алаңдарын көріп, ондағы жұмыстардың жай-күйін бағамдады.

Одан кейін, қала әкімі «Ұлан» шағын ауданында жүргізіліп жатқан тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту жұмыстарымен танысты. Бүгінде аталған жұмыстардың басым бөлігі аяқталған. Атап айтқанда, сырлау жұмыстары толығымен біткен, ал қазіргі таңда балкондарды біркелкі етіп жаңарту жұмыстары жалғасуда.

Сондай-ақ, «Береке» коттедж қалашығында «АС Құрылыс» ЖШС салып жатқан бес көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс барысын көрді. Қазіргі таңда нысандардың төменгі қабаттарына бетон құю жұмыстары басталған.

Әкім бұдан әрі «Жастар-3» тұрғын үй алабы мен «Шығыс» шағын ауданында қарқынды жүргізіліп жатқан жол салу жұмыстарын арнайы көріп, жол сапасын тексерді.

Сонымен қатар, қала орталығындағы қайта жаңғыртылып, абаттандырылып жатқан ескі Арбат жаяу жүргіншілер демалыс орнына да барды.

Бүгінгі күні мұнда жарық желілерін тарту, брусчатка төсеу және аумақты ретке келтіру жұмыстары жалғасуда.



Аталған жұмыстар қараша айында толық аяқталады деп жоспарлануда.

Жұмыс сапарының қорытындысында қала әкімі бірқатар мәселелер бойынша сын-ескертпелер айтып, жұмыс сапасын арттыруды, белгіленген мерзімдерді қатаң сақтауды және барлық нысандарды күнделікті бақылауда ұстауды жауапты бөлім басшылары мен мердігер компанияларға тапсырды.

7 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ ДӘНДІ ДАҚЫЛ ЖИНАЛДЫ

Биыл облыс орталығы Талдықорған қаласында 6 мың гектардан астам жерге егін егілді. Оның ішінде 180 гектарға күздік бұғой, 140 гектарға күздік арпа, 80 гектарға жаздық бұғой, 160,5 гектарға жаздық арпа және 580 гектарға жүгері себіліп, барлығы 7 531,8 тонна астық қамбаға жиналды.

Сонымен қатар, 2011 гектарға соя, 100 гектарға сафлор, 89 гектарға қант қызылшасы, 595 гектарға картоп, 1227 гектарға көкөніс, 21 гектарға бақша дақылдары және 1022,5 гектарға көпжылдық шөп егілген.

Қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметінше, бүгінгі күні дәнді дақылдарды жинау толық аяқталып, майлы дақылдарды жинау жұмыстары жалғасуда. Ал қант қызылшасын жинау науқаны

қараша айында басталады деп жоспарланған.

Бұдан бөлек, қала бойынша мал азығы толық дайындалып, жем-шөптің 100 пайызы қамтамасыз етілген.

Қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Нұржан Орынбеков:

— Биылғы егін маусымы ойдағыдай өтті. Барлық шаруашылықтар жоспарланған жұмыстарды уақытылы орындап, қажетті

техникамен және жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілді. Көктемгі дала жұмыстарына 23 шаруа қожалығына 134,3 тонна дизель отыны, ал күзгі науқанға 148,5 тонна жанар-жағармай бөлінді. Оның ішінде 102,2 тоннасын игерілді, қалған көлем қазан айының соңына дейін толық жеткізіледі. Біз алдағы маусымға да қажетті дайындық жұмыстарын ерте бастап кеттік, — деді.

Айта кетейік, 2025 жылдың қыркүйек айының қорытындысы бойынша Талдықорғанда 22,3 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 102,3 пайызды құрады.

11 АУЛА ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

барысымен қала әкімі Ернат Бәзіл арнайы танысып, тұрғындармен жүздесті.

Жұмыстар биыл көктемде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қолдау тауып, абаттандыру шеңберінде балалар және спорт алаңдары орнатылып, жаяу жүргіншілер жолдары жөнделді, көше жарығы тартылды және ағаштарға санитарлық күтім жасалды.

Ернат Бәзіл, қала әкімі:

— Мемлекет басшысының облысымызға жасаған сапары барысында қаламызда жаңа тұрғын алаптар мен шағын аудандардың бой көтеруін қамтамасыз ету тапсырылған болатын. Қасым-Жомарт Кемелұлының осы саясатын жүзеге асыру жолында облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлының қолдауымен биыл сәуір айынан бастап шағын аудандарды абаттандыру жұмыстары қолға алынды.

Бүгін сол игі істің нәтижесінде жаңа аулалар халық игілігіне беріліп отыр. Аулалар барлық жастағы тұрғындарға қолайлы етіп салынған, — деді.

Аулалардың ашылуында спорттық жарыс ұйымдастырылып, балаларға 50 футбол добы сыйға тартылды.

— 20 жылдан бері мұнда тұрамын. Бұрын аула қараңғы еді, енді жарық шамдар орнатылды, балалар алаңы бар. Немерелерім қуанып жүр, — дейді зейнеткер Ирина Кузнецова.

Айта кетейік, бүгінде «Жетісу» шағын ауданында 34 көпқабатты үй мен 22 аула бар. Оның 11-і жаңартылды, қалғандары 2026 жылға дейін кезек-кезеңімен жөнделмек.



5 МЫҢ ТҮП ҚАРАҒАЙ КӨШЕТІ ЕГІЛДІ

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Еркін ауылы маңындағы тұқымбақтың 1,7 гектар аумағына 5 мың түп қарағай көшеті егілді.



Тұқымбаққа қарағай көшеттерін эко-белсенді Тимур Елеусізов, экологиялық бірлестіктер «KazEco Patrol Jetisu», «Алтын Адам» креатив орталығы, сондай-ақ «Милосердие» Жетісу облысының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі сыйға тартты. Енді коммуналдық мекемедегілер жасыл желекті тамыр жайып бой алғанша күтіп баптайтын болады. Айта кетейік, бұл тұқымбақ екі жыл бұрын жөнделіп, су және электр желісі жүргізілген болатын.

Динара Бәкірова, қоғамдық бірлестік жетекшісі:

— «Жасыл болашақ» экоакциясына Тимур Елеусізов ұйымтқы болды. Шара мемлекет басшысының Жолдауы аясында өтіп жатыр. Негізгі мақсаты өскелең ұрпақты табиғатты қорғауға, туған жерін көгалдандыруға баулу болып отыр.

Ағаш отырғызу шарасына қала әкімі Ернат Бәзіл арнайы қатысып, белсенді жастармен бірге көшет егуге атсалысты.

Қала әкімі Ернат Бәзіл:

— Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес соңғы екі жылда қаламыздағы тұқымбақтарды қайта жандандырып жатырмыз. Бұл тұқымбақтарда өсірілген әрбір көшет бой алып өскен соң қала аумағына саябақтар мен скверлерге, жол жиектеріне және көпқабатты үйлердің аулаларына егілетін болады. Қазір ағаш көшеттерін Алматы облысынан, сондай-ақ Сарқан және Алакөл аудандарындағы тұқымбақтардан алып отырмыз. Алдағы уақытта өзіміздің тұқымбақта өсірілген ағаштармен қаланы көркейтетін боламыз. Ол үшін барлық жағдай жасалған. Өзіміздің үлкен бес паркіміз, 40 скверіміз бар. Аулалар бар. Соларға көшіреміз бе деп жоспарлап отырмыз. Осы шыққан көшеттеріміз Талдықорған қаласын жүз пайыз қамтиды деген сенімдеміз, — деді.

Айта кетейік, қала аумағына күз айларында 10 мыңнан аса ағаш көшеттерін егу жұмыстары басталды. Мұнда 20 мыңға жуық ағаш көшетін өсіруге мүмкіндік бар.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАР ІСІ ҚАРАЛДЫ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабековтың төрағалығымен қала әкімдігі жанындағы кәмеелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті.



Күн тәртібінде 5 мәселе қаралып, Талдықорған қаласының полиция басқармасының есебінде тұрған мектеп оқушыларының отбасылық проблемалық мәселелері де қаралды.

Комиссия отырысының күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып, қорытындысы бойынша мекеме басшыларына бірқатар тапсырмалар берілді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



Талдықорған қаласының «Жетісу» шағын ауданындағы 11 аула абаттандырылып, пайдалануға берілді.

Енді шағын аудан тұрғындары жаңа асфальт, жарық шамдар, балалар мен спорт алаңдары, демалыс аймақтарының игілігін көріп отыр. Атқарылған жұмыстар



ӨНЕРДЕ – 50, ӨМІРДЕ – 75 ЖЫЛ

Өнер ордасының шымылдығын алғаш рет ашқан сәттен бері сахна әлемінде жарты ғасырдан астам уақыт бойы адал қызмет етіп, жүздеген кейіпкердің болмысын жан-тәнімен сомдаған майталман тұлғалар, қазақ сахна өнерінің қос саңлағы – Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Кендебай Темірбайұлы мен Қазақстанның халық әртісі, «Парасат» орденінің иегері Алмахан Кенжебекова мерейлі 75 жасқа толып отыр.

Кендебай Темірбайұлы – қазақ театры мен мәдениетінің абыз тұлғасы, ел өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Оның өнердегі жолы мен өмірдегі ұстанымы – шынайылық пен адалдықтың айғағы.

Адамның жан әлемі нұрға толы болса, оның істеген ісі де ізгіліктен бастау алатыны белгілі. Кендебай ағамыз дәл сондай бойына мейірім мен адамдық парасатты ұялатқан, әр ісін қоғам мүддесіне арнаған жан. Ол қандай қызмет атқарса да, оған бар жауапкершілікпен, үлкен абыроймен қарайтын іскер тұлға.

1975 жылы Кендебай Темірбайұлы Талдықорған облыстық қазақ драма театрының негізін қалаушылар қатарында болып, труппамен бірге келіп, театр шымылдығын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қойылымындағы Қозы рөлімен ашты. Сол күннен бастап оның тағдыры сахнамен егіз аталды.

Кендебай Темірбайұлының сахнадағы ерекшелігі – адуынды батыр мінез бен автор жанының нәзіктігін үйлестіре білуінде. Ол Т. Қалилахановтың «Алтын бесігінде» Жәпек батыр мен Барақ сұлтанды, К. Өбдірахмановтың «Қаракей Қабанбайында» Ақтамберді жырауды, «Мұнар да мұнар, мұнар күнінде» Махамбет Өтемісұлын сомдап, халық құрметіне бөленді.

Кендебай Темірбайұлы тек сахна шебері ғана емес, мәдениет саласының білікті ұйымдастырушысы ретінде де танылды. 1980 жылы Мәскеудегі ГИТИС институтында театр директорларын даярлайтын курсты тәмамдап, Талдықорған театрының директорының орынбасары қызметін атқарды.

Өнер абызы кино саласында да өзіндік із қалдырды. Ол: Т.Теменовтің «Көшпенділерінде» – хан уәзірі, Д.Жолжақсыновтың «Құнанбайында» – би, С. Сарыбаевтың «Бір уыс бидайында» – Доскен, «О, Ләйла» – Ләйләнің әкесі, «Шабдалыда» – қария бейнесін сомдап, экранда

да шынайы кейіпкерлер галереясын жасады.

Кендебай ағамыз соңғы жылдары композиторлық бағытта да танылып жүр. Оның репертуарында Ахмет Кендірбектің «Өмір осы – дүние-ай», Гүлбақыт Қасенованың «Құс қанаты», Ж. Айдаровтың «Ататегімді сағындым», Е.Еркіннің «Аналарға сағыныш» секілді жүрек тебіренер әндері бар.

Кендебай Темірбайұлы – театр сахнасына 50 жыл ғұмырын арнап, өнер мен өмірдің өрінде келе жатқан абзал азамат. Оның бейнелеген батырлары мен ақындары, Әлиханы мен Естайы – қазақ руханиятында мәңгі қалатын көркем ескерткіштер.

Кендебай Темірбайұлының жары туралы айтқан сөзі: *«Алмаханды алғаш көргенде-ақ оның бойынан өзгеше бір нұр көрдім. Өнерге деген тазалық, шынайылық, еңбекқорлық – соның бәрі табиғатынан бар еді. Біз бірге жүрген жылдарда сахна біздің екінші үйімізге айналды. Алмахан – сахнада ханша болса, өмірде қарапайым, мейірімді жар, парасатты ана. Кейде айтамын: «Біз сахнада қаншама рөл ойнадық, бірақ өмірде өз рөлімізді адал жар мен сенімді серік болуды, ең жақсы атқарып келеміз». Ол менің өмірлік тірегім ғана емес, өнердегі бақытым. Алмахан сахнаға шыққанда залдағы тыныштық өзгереді, ол бейнеге жан бітіре біледі. Мен мұны сан рет сахна сыртында отырып сезіндім. Осындай өнерге берілген адаммен өмір сүру – мен үшін зор бақыт!», -* дейді сахна саңлағы.

Алмахан Кенжебекова – өнерге деген адалдығы мен сахнаға деген ерекше құрметінің арқасында ол жарты ғасырдан астам уақыт бойы көрерменнің сүйікті актрисасына айналды.

Сахнадағы әр бейнесін жүрек жылуымен сомдайтын Алмахан Нұрпейісқызы тіпті елеусіз эпизодтық рөлдердің өзіне аса үлкен жауапкершілікпен дайындалатын. Сол шағын көріністердің өзінен үлкен ой мен

терең сезімді жеткізе білу – оның кәсіби шеберлігінің басты белгісі.

Талдықорған драма театрының алғашқы сахналық қойылымдарынан бастап бүгінге дейінгі жүздеген спектакльдің басы-қасында болған актриса трагедия, драма және комедия жанрларында да биік кәсіби деңгей танытты.

Алмахан Кенжебекова Талдықорған театрының басты шығармашылық тұлғаларының біріне айналды. Ол Иран-Ғайыптың «Ана аманаты» мен «Естайдың Қорланы» сияқты қойылымдарында өз заманының нәзік те терең аналар бейнесін сахналап, көрерменін толғандырды.

Театрмен қатар, Алмахан Нұрпейісқызы – сазгер әрі әнші. Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазған «Сахарада керуендер», «Мәңгіге сен қаларсың», «Туған ел» сияқты әндері халықтың жүрегінен орын алған. Оның орындауындағы көптеген туынды Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы.

Актрисаның актерлік, әншілік және сазгерлік қырлары теледидардан көрсетілген «Жүректі қалай жұбатам?» атты фильм-концертінде айқын көрініс тапты. Сондай-ақ, ол «Көшпенділер», «Күнә», «Жеңімпаз» сияқты көркем фильмдерде ана мен әже бейнелерін шынайы сомдап, кино әлемінде де өзіндік із қалдырды.

Бүгінде Алмахан Кенжебекова – Талдықорған театрының алтын діңгегі, сахна мектебінің ұлағатты ұстазы. Ол өзінен кейінгі жас буынға үнемі: *«Нағыз әртіс рөлін ойнап қана қоймай, оны жүрегімен сезінуі тиіс. Кітап оқымай, ой тереңдемейді. Театр – тірі организм, оған өміріңді арнамай болмайды. Сахнаға шыққан сәтте өзіңді 30 жастағыдай сезінемін. Ал түсіп кеткен соң ғана жастың жетпіс бесті еңсергенін сезесің.*

Сахна – менің мәңгілік мекенім!», - дейді актриса.

Бүгінде театр ұжымының абыройлы тұлғаларына айналған Кендебай Темірбайұлы мен Алмахан Нұрпейісқызы – сахна мен өмірдің егіз ұғым екенін дәлелдеген жандар. Өнер атты ұлы өлемге бар ғұмырын арнаған қос тұлға театрдың тірі шежіресі, кейінгі ұрпаққа өнеге, жастар үшін үлгі-өнер мектебі.

Олар тек сахнада ғана емес, өмірде де бір-біріне сүйеніш, өнерде серік болып, жарты ғасырдан астам уақыт бойы бірге еңбек етіп келеді. Театрдың алғашқы пердесін бірге ашып, сол киелі шаңырақтың қуанышы мен қиыншылығын қатар бөліскен қос өнер иесі бүгінде ұл-қыздарының, сүйікті немерелерінің қуанышына бөленіп отырған ұлағатты ата-әже.

75 жылдық мерейлі белес – олардың өнерге, елге, ұрпаққа сіңірген еңбегінің, сүйіспеншілік пен адалдыққа құрылған өмір жолының мерейлі көрінісі!

БИ АПА АМАНАТЫ – МӘНГІЛІК ӨНЕР

4 қараша – Талдықорған қаласының мәдени өмірінде айрықша күн. Осы күні Бикен Римова атындағы драма театры өзінің туған күнін атап өтеді.

Жарты ғасыр – кез келген өнер ұжымы үшін үлкен белес. Бұл уақыт ішінде театр талай көрерменнің ықыласына бөленіп, ел руханиятының ажырамас бөлігіне айналды.

Талдықорғанның төрінен орын тепкен өнер ошағының бұл шежірелі сәтін көрнекті театр сыншысы, профессор Әшірбек Сығай «Талдықорған театры» атты кітабында былай деп суреттейді: «1975 жыл. Талдықорған қаласы. Қараша айының 4-ші жұлдызы. Қала халқы тым көңілді. Қабақтары күлімдеп, көңілдері қуаныш сезіміне бөленген. Сауықшыл қала халқы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайына қарай асығып бара жатты». Осы жазбаны оқығанда жаңа құрылған жас өнер отауының облыс, қала жұртшылығы үшін қаншалықты маңызды екенін ұқпау мүмкін емес. Дәл осы күні театрдың тұңғыш спектаклі ұлы суреткер, сұңғыла жазушы, дарынды драматург Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясы көрсетілді. «Залдан естілген көрермендердің сүйіспеншілікке толы дауы-



старынан құлақ тұнады... Сол 4 қарашадан 5 қарашаға қараған түнде талдықорғандықтар ұйықтаған жоқ. Театрдың өнері кім-кімді болса да бей-жай қалдырмағаны әбден анық. Таң атқанша думандады. Тойлады», – деп жазылғандай, алғашқы қойылымды тамашалаған жұртшылықтың ерекше ықыласы, ілтипаты әсерлі еді.

Сол тарихи қойылым биыл дәл 4 қараша күні жаңа форматта, заманауи режиссура

мен көркемдік шешімдер арқылы қайта сахналанып, жарты ғасырлық мерекенің басты оқиғасына айналмақ.

Елу жылдық өнер сапарында театр ұжымы 216-дан астам қойылымды сахналап, республикадағы таңдаулы шығармашылық ұжымдардың бірі ретінде танылды. Театр сахнасында М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ш.Айтматов сынды классиктердің туындылары мен қазіргі заман драматургтерінің еңбектері көрерменге

ұсынылып келеді.

«Елу жылда – ел жаңа» дейді дана халқымыз. Осы жарты ғасырда театр еліміздің қоғамдық өмірімен біте қайнасып, әр дәуірдің тынысын сахна арқылы жеткізді. Социалистік кезең мен қайта құру жылдары, Тәуелсіздіктің алғашқы сәттері мен бүгінгі жаңғыру дәуірі бәрі де театр сахнасында өз бейнесін тапты.

Өнер ұжымы уақыт сынынан өтіп, қалыптаса, даму, дағдарыс пен қайта өрлеу кезеңдерін бастан кешті. Бүгінде театрдың шығармашылық әлеуеті жоғары, сахналық тілі айқын, кәсіби ұжымы тұрақты. Театрдың 50-ші маусымы – жаңа ізденістер мен тың көркемдік шешімдердің кезеңі болмақ.

Қазіргі таңда театр репертуарында 26 тұрақты спектакль бар. Олар классикалық және заманауи драматургия бағыттарын қамтып, көрермен ықыласына ие болып жүр.

Театрдың актерлік құрамында тәжірибелі сахна шеберлерімен қатар жас дарындар да табысты еңбек етуде. Әрбір қойылым өмір мен өнердің тоғысқан сәті, адам жанына үңілудің сахналық шебер үлгісі.

Бикен Римова атындағы драма театры өңірдің ғана емес, бүкіл еліміздің мәдени бренді. Ол жарты ғасыр бойы көрерменін ойға жетелеп, эстетикалық талғамды тәрбиелеп, ұлттық өнердің биік шыңына айналды. Бұл атаулы күн – өткенге тағзым, бүгінге баға және ертеңге сенім. Театрдың рухани миссиясы – халқымыздың мәдени кодын сақтап, ұлт өнерін жаңа биіктерге көтеру. 50 жыл бойы соғып келе жатқан сол жүрек бүгін де айнымай, елмен бірге, заманмен үндес соғып тұр!

Арай НҰР

ӨЗЕКТІ СУДЫҢ АҚЫСЫ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕ БОЙЫНША ӨСПЕЙДІ

2025 жылғы 1 қарашадан бастап сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемін есептеу бойынша жаңа әдістеме күшіне енеді. Кейбір БАҚ өкілдері жаңа есептеу тәртібі енгізілгеннен кейін қазақстандықтар көршілерінің есебінен суды қымбатырақ төлеуді деп хабарлаған еді. Алайда Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі бұл ақпаратты жоққа шығарып, алаңдауға негіз жоқ екенін мәлімдеді. Қабылданған әдістеме жаңа төлем түрлерін енгізбейді және су үшін төлем мөлшерін арттырмайды.

Министрліктің түсіндіруінше, құжаттың мақсаты суды жеткізу және бұру көлемін анықтаудың бірыңғай ережелерін белгілеу. Бұрынғыдай төлем су есептегіш құралдарының көрсеткіштері бойынша жүргізіледі, яғни тұтынушы мен су арнасы желілерінің шекарасында орнатылған құрылғы деректері негізге алынады. Ал есептегіші жоқ тұтынушылар үшін төлем мөлшері әкімдік бекіткен тұтыну нормалары бойынша есептеледі.

Көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары үшін де есептеу тәртібі өзгермейді. Егер үйде жалпыұйлік су есептегіш орна-

тылып, кейбір пәтерлерде жеке есептегіштер болмаса, онда жалпыұйлік және жеке көрсеткіштер арасындағы айырмашылық кондоминиум қатысушылары арасында пропорционалды түрде бөлінеді. Мұндай тәртіп бұрыннан қолданыста болған, енді түсінбеушіліктердің алдын алу үшін ол жаңартылған әдістемеде нақты бекітіліп отыр.

Осы әдістемені қабылдау сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне ақы төлеудің ұлғаюына әкелмейді.

«Әдістеме төлем қағидаттарын өзгертпейді. Ол тек жүйені барынша ашық етеді. Есептегіші бар тұтынушы тек өзі тұтынған суы үшін төлейді, ал есептегіші жоқтар бекітілген норма бойынша. Жалпыұйлік және жеке есептегіштер арасындағы айырмашылық бұл ортақ үй қажеттіліктері, ал ол ешқандай қателік те, айыппұл да емес. Жасырын қосымша төлем болмайды. Мұндай есептеу тәртібі бұрыннан бар еді» - деді Нұрсұлтан Керімқұлов, Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы.

Демек, жаңа әдістеме тұрғындар үшін ештеңені өзгертпейді: тек қолданыстағы тәжірибені біріздендіріп, оны барша өңірлерге түсінікті әрі бірыңғай етеді. Су ақысы еспейді деп кепілдік береді Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми сайты

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ МЕРЕКЕ АЯСЫНДАҒЫ МЕРЕЙЛІ ІС

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының балаларға арналған аллеясында Жаркент қаласы Алты үй ауылының орта мектеп оқушыларының қатысуымен Республика күні мерекесіне арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Шара барысында оқушылар патриоттық әндер шырқап, би және поэзиялық қойылымдар көрсетті. Жеке құрам мен ауыл тұрғындары жас өнерпаздарға қолдау көрсетіп, ерекше мерекелік көңіл-күй қалыптасты.



Бұл шара жастарды елжандылыққа тәрбиелеу және мемлекеттік мерекелердің маңызын насихаттауға бағытталды.

РЕСПУБЛИКА КҮНІН БІРГЕ АТАП ӨТТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының Сарқан шекара бөлімінің Екіаша және Басқан шекара бөлімшелерінің жеке құрамы Екіаша ауылдық округі әкімдігімен бірлесіп 25 қазан – Республика күніне орай мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

Шараға Екіаша ауылдық округінің әкімі, ауыл тұрғындары және шекара бөлімшелерінің әскери қызметшілері қатысты. Мерекелік басқосу елдік мейрамның маңызын айқындап, әскери қызметшілер мен жергілікті қауымдастық арасындағы байланыс пен патриоттық

рухты нығайта түсті. Сондай ақ, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің жеке құрамы Республика күні мерекесіне орай тауға шығып, табиғат аясында демалды. Салауатты өмір салтын қолдауға шақырды, ұжым бірлігін арттырды.

Бұл шара шекарашылардың рухын көтеріп, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті одан сайын арттыра түсті. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты радиотехникалық бақылау пунктінде Республика күнін мерекелеу аясында он шақырымдық кросс ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты - әскери қызметшілер арасында жолдастық ынтымақтастықты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау болды.

БАТЫР ҚЫЗДЫҢ РУХЫНА ТАҒЗЫМ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында қазақтың ержүрек қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған іс-шара өтті.

Шара барысында Әлия Молдағұлованың өмірі мен ерлігі туралы деректер айтылып, шекарашылар батырдың Отан алдындағы борышты адал атқарған қызметін үлгі тұтты. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара

басқармасының «Басқұншы» шекара бөлімшесінде де Б.Момышұлы атындағы орта мектеп-гимназиясының оқушылары батыр Ә.Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойына орай бір күндік танымдық сапар жасады.

Сапар барысында оқушылар шекарашылардың жауынгерлік қызметімен және бөлімшенің материалдық-техникалық жабдықтауымен танысты. Ә.Молдағұлованың қаһармандық өмір жолы, елге деген адалдығы мен қайсарлығы туралы тағылымды әңгімелер айтылып, жас буынның бойында патриоттық рух пен Отан қорғауға деген ынта күшейе түсті.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІН ТАНЫСТЫРУ – ЖАС ҰРПАҚҚА БАҒЫТ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы «Алтынкөл» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімінде Пиджим орта мектебінің «Шекарашылардың жас достары» үйірмесінің мүшелері үшін «Ашық есік күні» ұйымдастырылды.

Оқушылар шекарашылардың қызметімен танысып, әскери-техникалық жабдықтарды көріп, жауынгерлік даярлыққа арналған оқу-жаттығу бөлмелерін аралады. Шара жасөспірімдердің Отан қорғау ісіне деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖОЛЫ: ЖАС ЗАҢГЕРЛЕР ҮШІН

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде құқық саласы бойынша білім алатын студенттердің Жетісу облысы полиция департаментінің бастығының орынбасары Мадияр Омаровпен маңызды кездесу өтті. «Іздеу қызметінде кадрларды даярлау» тақырыбындағы лекция заң сабағынан гөрі, қоғамға және адамгершілікке қызмет ету жөніндегі нақты тәрбие сабағына айналды.

Мадияр Омаров іздеу қызметінің заңдық негіздері, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, адам қадір-қасиетін құрметтеу және азаматтардың заң алдында теңдігін қамтамасыз ету мәселелерін студенттерге түсіндірді. Арнайы назар жасырын, ашық және жартылай жабық жұмыс әдістерін үйлестіруге, кәсіби этикаға және кадрларды дайындауға аударылды.

Абай Құнанбаев айтқандай: «Білімнің шындығы – адамгершілікте». Бұл ой әрбір лекция сөзінен көрініс тауып, студенттерге заңды білу адамның қадір-қасиетін сыйлау мен әділеттілікті сақтаусыз мүмкін еместігін еске салды.

Сонымен қатар, азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау, құжаттарды дұрыс рәсімдеу және еңбекке орнала-су тәртібі мәселелері қозғалды. «Полиция қызметкерінің шынайы күші – адалдықта, кәсібилікте және қоғамға қызмет ете білу қабілетінде, тек заңға ғана емес». Ұлы Абай айтқандай: «Адамның ақылы – адамгершілігінде». Міне, осы ой кездесудің негізгі лейтмотиві болды. Білім, тәжірибе және моральдық жауапкершілік адамдарға қызмет ететін мамандықта бөлінбейді.

КӨШІ-ҚОН ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУ ДЕРЕГІ АНЫҚТАЛДЫ

Жетісу облысында көші-қон заңнамасын бұзушылықтарды анықтау және жолын кесуге бағытталған республикалық жегел-алдын алу іс-шарасы «Заңсыз-2025» жалғасуда. Іс-шараның екі күнінде өңір полицейлері 209 құқықбұзушылықты тіркеді. Оның 148-і шетел азаматтары, ал 61-і – Қазақстан азаматтары тарапынан жасалған.

Полиция дерегінше, 148 шетел азаматы еліміз аумағында болу және тұру ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, 46 қазақстандық азамат шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдау тәртібін сақтамағаны үшін жауап берді. Тағы 15 адам шетелдік жұмыс күшін рұқсатсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілікке тартылды.

Іс-шара аясында шетел азаматтарының Қазақстан аумағында болу мерзімі қысқартылды.

Сот шешімімен 14 құқықбұзушы елден тысқары шығарылатын болды.

Ерекше назар Кербұлақ ауданындағы жағдайға аударылды. Онда полицейлер құжатсыз, заңсыз еңбек етіп жүрген 29 шетел азаматын анықтады. Барлығы жеке тұлғасын анықтау мақсатында қабылдау-тарату орнына жеткізілді. Ал шетелдік жұмысшыларды заңсыз түрде тартқан жұмыс берушіге қатысты заңда көзделген шаралар қолданылды.

Ішкі істер органдары көші-қон саласындағы бақылауды күшейтіп, заңнаманы сақтау – қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіптің басты кепілі екенін атап өтті.

ТАЛДЫҚОРҒАНДА «SOS» ЖЕДЕЛ КӨМЕК ЖҮЙЕСІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Талдықорған қаласында «SOS» жегел көмек түймелері орнатылған. Бұл — кез келген тұрғын мен қала қонағына төтенше жағдай кезінде полициямен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін заманауи жүйе.

Түймені басқан сәтте адам Жетісу облысы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығымен бірден байланысады. Кезекші қызметкерлер оқиға орнын нақты уақыт режимінде көріп, ең жақын полиция нарядын немесе басқа жедел қызметтерді жібереді. Мұндай құрылғылар халық көп жиналатын орындарға — көшелерге, саябақтарға, мектептер мен сауда орталықтарының маңына орнатылған. Олар әсіресе адам қоңырау шала алмайтын немесе жағдайды түсіндіре алмайтын сәттерде өте маңызды.

«SOS» жүйесі — жай ғана техника емес, ол полицияның қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтардың сенімін арттыру бағытындағы үлкен жұмысының бір бөлігі. Кейде бір ғана түймені басу — бір өмірді аман алып қалуы мүмкін.

Жетісу облыстық ішкі істер департаменті

СТУДЕНТТЕР САҚТАНДЫРЫЛҒАН МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ АЛА АЛАДЫ?

Қазақстанда немесе шетелде күндізгі бөлімге оқитын студенттер жеңілдік санатына кіреді. Алайда, олардың сақтандырылған мәртебесін алу алгоритмі әртүрлі. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында еске салды.

КІМДЕР КІРЕДІ?

Орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімінде оқитын студенттер жеңілдік санатындағы азаматтар қатарына кіреді.

Сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандықтар да осы санатқа кіреді.

ЖАРНА ТӨЛЕУ КЕРЕК ПЕ?

Бұл студенттер үшін МӨМС жарналарын мемлекет төлейді.

Егер студент ресми түрде жұмыс істесе, жұмыс беруші оның жалақысынан жарна ұстамайды және өзі де аударым жасамайды.

МӘРТЕБЕНІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?


Қазақстанда оқитын студенттер:

«Сақтандырылған» мәртебесі автоматты түрде тағайындалады. Бұл үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық білім беру деректер базасы (ҰБДБ) немесе ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы (ЖББП) негізінде мәліметтер алынады. Бұл ақпараттар оқу орнының ақпараттық жүйесі арқылы жіберіледі. Мұнда ЖОО қызметкерлері студенттердің жеке деректерін, оқу кезеңі мен формасын дұрыс көрсетіп, деректерді уақытында жаңартып отыруы маңызды.

Шетелде оқитын студенттер:

Мәртебе алу үшін студент өз деректерін электрондық үкімет порталы egov.kz арқылы «Шетелде білім алып жатқан студенттерді тіркеу» мемлекеттік қызметі арқылы өзі

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ



ұсынуы керек (https://egov.kz/cms/ru/services/6-51pass_mon). Ашылған терезеде өтініш толтырып, оқып жатқанын растайтын құжатты (қазақ немесе орыс тіліне аударылған әрі нотариалды расталған оқу орнынан анықтама) қоса тіркеу қажет. Деректер дұрыс енгізілсе, мәртебе 10 жұмыс күні ішінде беріледі.

МӘРТЕБЕНІҢ БЕРІЛМЕУ/ ЖОҒАЛУ СЕБЕПТЕРІ

Қазақстанда оқитын студент мәртебе ала алмаса, оқу орнындағы ақпараттық жүйедегі мәліметтерді нақтылау үшін ЖОО-ға жүгінуі керек. Мұнда оқу мерзімі қате көрсетілуі немесе ЖСН дұрыс енгізілмеуі мүмкін.

Шетелде оқитын студенттерде мәртебе бойынша қиындық туындаса, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне жүгінуі қажет. Бұдан бөлек, әр семестр аяқталғаннан кейін egov.kz порталы арқылы өз оқуын растап отыру маңызды.

ОҚУ АЯҚТАЛҒАННАН КЕЙІН

Оқу орнын аяқтаған немесе оқудан шығарылған жағдайда студент жеңілдік санатындағылар қатарынан түсіп қалады. Сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін ол ресми жұмысқа орналасуы керек (бұл жағдайда жарналар мен аударымдарды жұмыс беруші төлейді) немесе жарналарды дербес төлеуші ретінде өзі төлейді (2025 жылы – ай сайын 4 250 теңге).

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Жетісу облысы бойынша филиалы

ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯЛАР

Тұмау және жедел респираторлы вирустық инфекциялар (ЖРВИ) – тыныс алу жолдарының ең жиі кездесетін жұқпалы аурулары. Олар маусымдық сипатқа ие, әсіресе күз-қыс мезгілдерінде жиі таралады. Бұл аурулар адам денсаулығына елеулі қауіп төндіреді, себебі олар тез таралып, кейде ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін.

ТҰМАУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Тұмау – жіті вирустық инфекция, ол тұмау вирусынан (Influenza A, B, C) туындайды. Тұмаудың басты ерекшелігі – кенеттен басталуы және интоксикация белгілерінің айқын көрінуі.

Негізгі белгілері:

- дене қызуының 38-40°C-қа дейін көтерілуі;
- қалтырау, әлсіздік, бас ауруы;
- бұлшықет пен буындардың ауыруы;
- құрғақ жөтел, тамақтың жыбырлауы;
- мұрын бітеліп, кейіннен су ағуы.

Егер ем уақытылы жүргізілмесе, тұмау бронхитке, пневмонияға, синуситке, отитке әкелуі мүмкін.

ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯЛАР (ЖРВИ)

ЖРВИ – тыныс алу жолдарының әртүрлі вирустардан туындайтын аурулар тобы. Олардың қоздырғыштары: аденовирус, парагрипп вирусы, риновирус, респираторно-синцитиалды вирус және т.б.

Белгілері:

- мұрын бітелуі, су ағу;
- түшкіру, жөтел;
- тамақтың қызауы, ауырсынуы;
- әлсіздік, бастың ауыруы;
- кейде дене қызуы аздап көтеріледі (37-38°C).

ЖРВИ әдетте жеңіл түрде өтеді, бірақ балаларда және қарт адамдарда асқынулар беруі мүмкін.

ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫ

► Ауа-тамшылы жолмен – жөтелгенде, түшкіргенде вирус сілекей мен шырыш бөлшектері арқылы таралады.

► Байланыс жолымен – лас қол, тұрмыстық заттар арқылы.

АСҚЫНУЛАРЫ

- пневмония;
- бронхит;
- отит, синусит;
- созылмалы аурулардың асқынуы.

АЛДЫН АЛУ

1. Гигиенаны сақтау –

қолды жиі жуу, бетперде тағу.

2. Имунитетті күшейту – дұрыс тамақтану, спортпен шұғылданду, дәрумендер қабылдау.

3. Вакцинация – тұмауға қарсы екпе маусым сайын жасалады.

4. Қоғамдық орындарда сақтық шаралары – ауа алмастыру, бөлмені жиі желдету.

Әрбір адамның денсаулығы өз қолында!

С.АХАН,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының» басшысы.

А.НҰРАХМЕТ,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ эпидемиологиялық бақылау бөлімінің жетекші маманы



ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ

намалары формальдегид, азот диоксиді, күкірт диоксиді, қорғасын, көміртек тотығы, күкірт қышқылы т.б. көрсеткіштерге зерттеледі. Қоршаған ортаны қорғау мәселерінің ең өзектісі - атмосфералық ауаны қорғау, өйткені ластанған ауа экологиялық жағдайға әсер етуші фактор. Ауаның ластануын болдырмау және оның зиянды зардаптарын жою мынадай негізі бағыттарда жүргізілуі қажет:

- Зиянды, ластаушы заттарды ауаға шығармау;
- Ластаушы заттар әсерлерінен қорғану;
- Ластаушы заттардың зиянды әсерін, зардабын жою;
- Зиянды әсерлердің алдын алу, оларды болдырмау.

Атмосфераны қорғау шараларын үш топқа бөлуге болады: техникалық тазалық шаралары: түтін мұржаларын биік салу, түтін, газ тазартқыш қондырғыларын орнату;

Технологиялық шаралар: толық немесе жартылай тұйықталған технология құру, шикізатты қалдықсыз өңдеу, шикізат отынының зиянсыз түрлерін қолдану, өндірісті автоматтандыру. Өндірісті ұйымдастыру шаралары: өндірістік жасыл алаңдар, санитарлық алқаптар құру, өндірісті жел бағытына, жер жағдайына тиімді орналастыру, зиянды өндірісті қаладан тыс жерге орналастыру: қалалар, елді-мекендерді көгалдандыру және тиімді орналастыру. Атмосфералық ауа бүкіл әлемнің тіршілік ортасы, ол жер шарындағы халықтардың ортақ байлығы болғандықтан оның сапасы, тазалығы адам ағзасы үшін маңызды. Ауаны бағалап, таза сақталуына біз жауаптымыз. Ауаның ластануын болдырмау және оның зиянды зардаптардың жою біздің міндетіміз.

С.АХАН,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы.

Ж.ЖЕКСЕНҒАЗЫҚЫЗЫ,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы

АЛГОРИТМ ОКАЗАНИЯ НЕОТЛОЖНОЙ ПОМОЩИ ПРИ ОСТРЫХ СОСТОЯНИЯХ (ШОК, СУДОРОГИ, КОЛЛАПС)

Алгоритм оказания неотложной помощи при острых состояниях у детей (шок, судороги, коллапс) требует быстрой, точности и последовательных действий медицинского персонала, поскольку промедление может привести к тяжелому осложнению и летальному исходу. Эти состояния сопровождаются резким нарушением жизненно важных функций организма – дыхания, кровообращения и деятельности центральной нервной системы.

ШОК – это острое состояние, характеризующееся резким нарушением кровообращения и гипоксией тканей.

Основные признаки: бледность кожи, холодные конечности, учащенный слабый пульс, падение артериального давления, беспокойство или заторможенность ребенка.

Алгоритм действий: 1) уложить ребенка на спину с приподнятыми ногами для улучшения притока крови к сердцу; 2) обеспечить доступ свежего воздуха, освободить дыхательные пути; 3) контролировать дыхание и пульс; 4) при необходимости начать кислородотерапию; 5) внутривенно или внутримышечно ввести физиологический раствор, глюкозу, при необходимости адреналин, допамин или преднизолон (по показаниям и возрастной дозировке); 6) согреть ребенка, постоянно контролировать его состояние до прибытия врача или транспортировки в стационар.

СУДОРОГИ – внезапные непроизвольные сокращения мышц, часто сопровождающиеся потерей сознания.

Причины могут быть разные: высокая температура (фебрильные судороги), травма, интоксикация, инфекция или эпилепсия.

Первая помощь включает: 1) обеспечить безопасность ребенка, уложить на бок, чтобы предотвратить аспирацию рвотных масс; 2) не вставлять предметы в рот и не удерживать ребенка силой; 3) освободить дыхательные пути, расстегнуть одежду; 4) при фебрильных судорогах – снизить температуру тела: обтереть водой, дать жаропонижающее (парацетамол или ибупрофен в возрастной дозе); 5) при длительных судорогах – ввести диазепам (ректально или внутривенно) по назначению врача; 6) после прекращения приступа контролировать дыхание, пульс и вызвать скорую помощь для дальнейшего обследования.

КОЛЛАПС – состояние острого сосудистого расстройства с резким падением сосудистого тонуса и артериального давления.

Симптомы: выраженная слабость, головокружение, потливость, бледность, холодная кожа, нитевидный пульс.

Алгоритм помощи: 1) уложить ребенка горизонтально с приподнятыми ногами; 2) обеспечить доступ воздуха; 3) согреть пациента, накрыть одеялом; 4) при сохранённом сознании – дать сладкий чай или воду; 5) при потере сознания – контролировать дыхание и пульс, при необходимости провести искусственное дыхание и непрямой массаж сердца; 6) ввести кардиотонические и сосудосуживающие препараты (кофеин, кордиамин, мезатон) по показаниям; 7) обязательно вызвать скорую помощь и продолжать наблюдение.

Во всех случаях неотложных состояний у детей медицинский работник обязан сохранять спокойствие, действовать строго по алгоритму, оценивать основные жизненные функции (сознание, дыхание, кровообращение) и при необходимости начинать реанимационные мероприятия. Правильные и своевременные действия позволяют сохранить жизнь ребенку и предотвратить тяжелые последствия.

А.МУХИТОВА, О.НОЖЕНКО,
М.МУРЗАГУЛОВА,
Поликлиника №1 г.Талдықорған



«Талдықорған қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мамандарымен ай сайын мемлекеттік тапсырыс жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2020 жылғы 13 қарашасы №ҚР ДСМ-193/2020 бұйрығымен бекітілген «Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу қағидалары» аясында қоршаған ортаның санитариялық-эпидемиологиялық мониторингі жүргізіледі, яғни тұрғындардың денсаулықтарының жағдайына және тіршілік ету аймағына әсер ететін факторларға (ауа, су, топырақ) бақылау жүргізіледі.

Жыл бойы ашық су айдындарынан судың сынамалары, реакция аумағынан топырақтың сынамалары алынып микробиологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық және радиологиялық көрсеткіштеріне зерттеу жүргізіледі. Атмосфералық ауаның сы-

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СОВРЕМЕННОЙ МЕДИЦИНЕ

Цифровизация сегодня становится неотъемлемой частью здравоохранения. Новые технологии помогают врачам и медсестрам работать эффективнее, а пациентам – получать качественную помощь быстрее и удобнее.

Электронные медицинские карты позволяют хранить всю информацию о пациенте в одном месте – результаты анализов, диагнозы, назначения. Это облегчает взаимодействие между специалистами и снижает риск ошибок.

Телемедицина даёт возможность проводить дистанционные консультации, что особенно важно для жителей отдалённых регионов. Врачи могут оценить состояние пациента, дать рекомендации и при необходимости направить на очный прием.

Мобильные приложения и носимые устройства (фитнес-

браслеты, умные часы) помогают отслеживать пульс, уровень активности, сон, давление и даже уровень сахара в крови. Это делает пациента более вовлечённым в процесс заботы о своём здоровье.

Искусственный интеллект (ИИ) активно применяется для расшифровки анализов, чтения снимков, ранней диагностики заболеваний и подбора индивидуальных схем лечения.

Цифровые платформы для обмена данными между поликлиниками, лабораториями и больницами ускоряют обработку информации и повышают эффективность всей системы здравоохранения.

Таким образом, цифровые технологии делают медицину более точной, доступной и ориентированной на пациента, способствуя профилактике заболеваний и улучшению качества жизни населения.

ПОДГОТОВКА И УХОД ЗА РЕБЕНКОМ ПЕРЕД И ПОСЛЕ ХИРУРГИЧЕСКИХ МАНИПУЛЯЦИЙ



Подготовка и уход за ребенком перед и после хирургических манипуляций требуют особого внимания и профессионализма со стороны медицинского персонала, так как детский организм чувствителен к боли, стрессу и изменению привычных условий.

Основная цель – обеспечить безопасность ребенка, предупредить осложнения и снизить эмоциональное напряжение. Перед операцией медсестра проверяет назначение врача, готовит инструменты и стерильные материалы, проводит гигиеническую обработку рук и кожи ребенка в области вмешательства. За 4–6 часов до операции ограничивается прием пищи и жидкости, чтобы предотвратить аспирацию во время наркоза. Большое значение имеет психологическая подготовка: необходимо объяснить ребенку доступными словами, что будет происходить, успокоить, поддержать и сформировать доверие. При необходимости по назначению врача проводится премедикация седативными препаратами.

После хирургического вмешательства уход направлен на наблюдение за общим состоянием ребенка и предупреждение осложнений. Медсестра контролирует дыхание, пульс, артериальное давление, температуру тела, следит за чистотой и целостностью повязки. При признаках боли, кровотечения, отека или лихорадки необходимо немедленно сообщить врачу. Ребенку обеспечивают покой, уход и эмоциональную поддержку, допускается присутствие родителей, что помогает снизить тревожность и ускорить восстановление. Важно соблюдать правила асептики и антисептики при всех перевязках и обработках. Таким образом, правильная подготовка и внимательный уход за ребенком до и после хирургических манипуляций способствуют быстрому выздоровлению, предупреждают осложнения и укрепляют доверие ребенка к медицинскому персоналу.

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ПЕДИАТРИЧЕСКОГО И ХИРУРГИЧЕСКОГО КАБИНЕТОВ

Взаимодействие педиатрического и хирургического кабинетов в поликлинике играет важную роль в обеспечении комплексной и непрерывной медицинской помощи детям. Слаженная работа этих подразделений позволяет своевременно выявлять заболевания, проводить диагностику, лечение и профилактику осложнений у пациентов детского возраста.

Основная цель взаимодействия – обеспечить преемственность в оказании медицинской помощи, сократить сроки диагностики и повысить эффективность лечения.

Работа строится на тесном сотрудничестве врачей-педиатров и детских хирургов. Педиатр, являясь врачом первичного звена, проводит осмотр ребенка, оценивает его общее состояние и при необходимости направляет к хирургу для уточнения диагноза или проведения оперативного вмешательства. Врач-хирург, в свою очередь, после консультации и обследования информирует педиатра о результатах осмотра, диагнозе, назначенном лечении и рекомендациях по дальнейшему наблюдению.

Медицинские сестры обоих кабинетов обеспечивают подготовку ребенка к осмотру и манипуляциям, ведут медицинскую документацию, контролируют выполнение назначений врачей и проводят санитарно-просветительную работу с родителями по вопросам профилактики хирургических заболеваний. При необходимости педиатр и хирург совместно организуют осмотр ребенка, обсуждают тактику лечения, решают вопрос о госпитализации или направлении в стационар.

Большое значение имеет плановая работа по диспансерному наблюдению детей с хроническими хирургическими патологиями, врожденными пороками развития, а также проведение профилактических осмотров в рамках комплексных медосмотров. Взаимодействие кабинетов способствует своевременному выявлению заболеваний, повышает качество медицинской помощи и обеспечивает целостный подход к лечению и восстановлению здоровья ребенка.

ОПТИМИЗАЦИЯ РАБОТЫ КАБИНЕТА: ЧЕТКОЕ РАЗГРАНИЧЕНИЕ ОБЯЗАННОСТЕЙ И ВНЕДРЕНИЕ ЧЕК-ЛИСТОВ ДЛЯ ВРАЧА И МЕДСЕСТРЫ

Эффективная организация работы медицинского кабинета напрямую влияет на качество обслуживания пациентов и снижение профессиональных ошибок. Один из ключевых инструментов оптимизации – четкое разграничение обязанностей между врачом и медицинской сестрой. Это позволяет рационально распределить нагрузку, повысить скорость выполнения процедур и улучшить командное взаимодействие.

Врач отвечает за диагностику, назначение лечения, анализ клинических данных и принятие решений. Медицинская сестра обеспечивает подготовку кабинета, ведет учет документации, выполняет назначенные процедуры, контролирует соблюдение санитарно-гигиенического режима. Такое разделение исключает дублирование функций и помогает каждому специалисту сосредоточиться на своих профессиональных задачах.

Важным элементом современного подхода является внедрение чек-листов – кратких пошаговых инструкций, фиксирующих необходимые действия при приеме пациента, подготовке инструментов или проведении манипуляций. Они способствуют системности работы, минимизируют человеческий фактор, помогают контролировать выполнение стандартов и соблюдение правил безопасности.

Использование чек-листов и четкое распределение обязанностей создают прозрачную и организованную систему работы, где каждый сотрудник знает свою роль. Это повышает ответственность, дисциплину и в конечном итоге улучшает качество медицинской помощи и доверие пациентов.

ПОДГОТОВКА ПАЦИЕНТА К ИНВАЗИВНЫМ И НЕИНВАЗИВНЫМ ПРОЦЕДУРАМ (УЗИ, ЭКГ, АНАЛИЗЫ)

Качественная подготовка пациента к диагностическим процедурам – залог достоверности результатов и безопасности обследования. Врач и медицинская сестра должны действовать слаженно, соблюдая единые стандарты и алгоритмы подготовки.

Врач информирует пациента о цели исследования, возможных ощущениях во время процедуры и дает четкие рекомендации по подготовке. Он определяет показания, противопоказания и оценивает риски, особенно при инвазивных методах (пункция, биопсия). Врач также должен разъяснить значение предварительных ограничений: необходимость голода перед УЗИ органов брюшной полости, отмену некоторых препаратов перед анализами, соблюдение покоя перед ЭКГ.

Медицинская сестра отвечает за практическую часть подготовки: проверяет направление, удостоверяется в информированном согласии пациента, подготавливает оборудование, обеспечивает комфортные и стерильные условия. Она объясняет пациенту порядок действий, помогает занять правильное положение, следит за соблюдением гигиенических требований и спокойным эмоциональным состоянием.

Для неинвазивных процедур (УЗИ, ЭКГ) важны правильное питание, исключение физических нагрузок и стрессов. При инвазивных – строгая асептика, проверка аллергических реакций и готовность к возможным осложнениям.

Согласованные действия врача и медсестры позволяют не только повысить точность диагностики, но и укрепить доверие пациента, обеспечивая безопасность и эффективность каждого этапа обследования.

«ОСТРЫЙ ЖИВОТ» У ДЕВОЧКИ-ПОДРОСТКА: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ (ПЕДИАТР, ХИРУРГ, ГИНЕКОЛОГ) И МАРШРУТИЗАЦИЯ ПАЦИЕНТКИ

Синдром «острого живота» у девочек-подростков требует особого внимания и слаженной работы специалистов разных профилей, так как причины могут быть как хирургическими, так и гинекологическими или инфекционными. Правильная маршрутизация и взаимодействие между педиатром, хирургом и гинекологом играют решающую роль в своевременной диагностике и сохранении здоровья пациентки.

Первым с пациенткой, как правило, контактирует врач-педиатр, который проводит первичный осмотр, оценивает интенсивность боли, наличие тошноты, рвоты, температуры, симптомов раздражения брюшины. Его задача – быстро заподозрить острое хирургическое или гинекологическое состояние (аппендицит, перекрут кисты, воспаление придатков) и направить ребенка к соответствующим специалистам.

Хирург оценивает наличие признаков острого аппендицита,

кишечной непроходимости, перитонита или других жизнеугрожающих состояний, требующих оперативного вмешательства. Если хирургическая патология не подтверждается, пациентку осматривает детский гинеколог, который исключает или подтверждает заболевания органов малого таза, включая апоплексию яичника, перекрут, воспалительные процессы.

Междисциплинарное взаимодействие строится на обмене данными осмотров, лабораторных и инструментальных исследований (УЗИ, анализ крови, тест на беременность). Важно соблюдать алгоритм маршрутизации: от педиатра – к хирургу и при необходимости – к гинекологу, при этом каждая стадия должна быть документально зафиксирована.

Слаженная командная работа специалистов позволяет сократить время до постановки диагноза, избежать диагностических ошибок и выбрать оптимальную тактику лечения, обеспечивая безопасность и сохранение репродуктивного здоровья девочки.

А.МУХИТОВА, О.НОЖЕНКО, Б.НАРТБАЕВА,
Поликлиника №1 г. Талдыкорган



РАЦИОНАЛЬНАЯ АНТИБИОТИКОТЕРАПИЯ В ПОЛИКЛИНИКЕ

ЦЕЛЬ: Повысить грамотность медицинского персонала в вопросах назначения, применения и контроля антибиотиков для снижения риска резистентности и осложнений.

АКТУАЛЬНОСТЬ: Неконтролируемое использование антибиотиков приводит к росту устойчивых штаммов бактерий, снижению эффективности терапии и развитию осложнений. Медицинский персонал играет ключевую роль в рациональном применении антибактериальных средств.

ПОКАЗАНИЯ К НАЗНАЧЕНИЮ: антибиотики применяются только при доказанной или высоко вероятной бактериальной инфекции. При вирусных заболеваниях (ОРВИ, грипп) назначение не показано.

ВЫБОР ПРЕПАРАТА: осуществляется врачом с учетом локальных протоколов, чувствительности возбудителей, возраста, аллергического анамнеза и сопутствующих заболеваний пациента.

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ: выбор узкоспектрного препарата при известном возбудителе, правильная дозировка и кратность приема, достаточная продолжительность курса.

КОНТРОЛЬ ЗА КОМПЛАЕНСОМ: медсестра информирует пациента о важности соблюдения режима, объясняет, почему нельзя прекращать лечение при первых признаках улучшения. Неполный курс способствует развитию устойчивости микроорганизмов.

РОЛЬ МЕДИЦИНСКОЙ СЕСТРЫ: контроль приема антибиотиков, наблюдение за побочными реакциями, фиксация данных в медицинской документации, ведение просветительской работы среди пациентов.

ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ МЕРЫ: строгое соблюдение принципов антибиотикостюардшипа, использование антибактериальных средств только по показаниям, пропаганда осознанного отношения к антибиотикам.

ВЫВОД: рациональная антибиотикотерапия – важнейший элемент современной медицины. Правильный выбор препарата, контроль комплаенса и взаимодействие врача и медсестры помогают сохранить эффективность антибиотиков и здоровье пациентов.

ПРОФИЛАКТИКА ВНУТРИБОЛЬНИЧНЫХ ИНФЕКЦИЙ

Профилактика внутрибольничных инфекций в амбулаторных условиях является важнейшим направлением работы медицинских организаций, обеспечивающим безопасность пациентов и персонала.

Инфекции могут передаваться контактным, воздушно-капельным и парентеральным путем при нарушении правил асептики и антисептики. Основные меры профилактики включают строгую гигиену рук, использование антисептиков, стерильных инструментов и индивидуальных средств защиты. Все манипуляции должны проводиться с соблюдением санитарных норм и стандартных предосторожностей. В помещениях поликлиники необходимо регулярно проводить влажную уборку, проветривание и дезинфекцию поверхностей и оборудования. Особое внимание уделяется безопасному обращению с медицинскими отходами – их сбору, сортировке и утилизации в соответствии с установленными правилами. Медицинский персонал должен проходить профилактические осмотры, вакцинацию против гепатита В и гриппа, а также обучение по вопросам инфекционной безопасности. Соблюдение санитарно-гигиенического режима, ответственность и внимательность каждого сотрудника – залог предупреждения внутрибольничных инфекций и сохранения здоровья всех участников лечебного процесса.



«ЖОЛДАНБАҒАН ХАТТАР»:

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған деректі фильмнің түсірілімі аяқталды

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ел бірлігі мен татулық құндылықтарын насихаттауға бағытталған «Жолданбаған хаттар» атты деректі фильмнің түсірілім жұмыстары өз мересіне жетті. Фильмді Inspire Creative Group шығармашылық тобы түсіргі.

Деректі туындының негізгі идеясы – бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық үлгісін көрерменге көркем әрі шынайы түрде жеткізу. «Жолданбаған хаттар» фильмі әр кезеңдегі тағдырлы оқиғалар мен адам тағдырларын біріктіре отырып, елдегі этносаралық келісімнің және өзара сыйластықтың мән-маңызын ашып көрсетеді.

Фильмде түрлі ұлт өкілдерінің өмірлік тарихтары мен шынайы естеліктері арқылы бірліктің, достық пен мейірімнің құндылығы көрініс табады. Авторлар идеяны символдық түрде «жолданбаған хат» бейнесі арқылы ашады – бұл өткенге тағзым мен болашаққа үндеу іспетті көркем тәсіл.

Түсірілім тобы облысымыздың әр өңірінде болып, түрлі этномәдени орталықтардың өкілдерімен, еңбек ардагерлерімен, жастар ұйымдарының мүшелерімен сұхбаттар жүргізді. Көрермен фильм арқылы Ассамблеяның 30 жылдық тарихындағы маңызды кезеңдерге, ел бірлігін сақтаудағы елеулі істер мен игі бастамаларға куә болады.

«Inspire Creative Group» тобының өкілдерінің айтуынша, бұл жоба – тек тарихи шолу емес, сонымен бірге заманауи Қазақстанның рухани бейнесін



бейнелейтін шығармашылық жұмыс.

«Біз осы фильм арқылы көрерменге мейірім мен келісім идеяларын жеткізіміз келді. Әр хат – бұл адам жанының сыры, ел тағдырының айнасы», – дейді жоба авторлары.

Фильмнің тұсаукесері Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған іс-шараларды қорытындылау аясында өтеді деп жоспарлануда. Бұл деректі туынды ел тарихындағы маңызды белесті айшықтап, ұлтаралық татулық пен азаматтық бірліктің мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте паш етпек.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ



МӘМС ЖҮЙЕСІН ІСКЕ АСЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Облыс орталығы Талдықорған қаласында отбасылардың цифрлық картасы мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін енгізу шеңберінде 2024 жылғы 18 тамызда Талдықорған қаласы әкімінің өкімі қабылданып, жұмыс атқару үшін қала бойынша 5 мобильдік топ құрылды. Құрылған мобильдік топтың негізгі мақсаты – өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарды кешенді түрде анықтау және оларға атаулы әлеуметтік қолдау көрсету.

Мобильдік топ көлесі бағыттар бойынша жұмыс атқарады:

- ▶ көмектің қажеттілігін анықтау үшін отбасылар мен азаматтарды тіркеу;
- ▶ әлеуметтік, медициналық және жұмыспен қамту салаларында атаулы көмек көрсету;
- ▶ халықты мемлекеттік қолдау шаралары мен көрсетілетін қызметтер туралы хабардар ету;
- ▶ жергілікті жерлерде мәселелерді жедел шешу үшін мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
- ▶ отбасылардың цифрлық картасы мен МӘМС жүйесіндегі деректердің өзектілігін қамтамасыз ету.



Қазіргі уақытта Талдықорған қаласында 30 мыңнан аса тұрғын МӘМС жүйесіне тіркелмеген. Осы себептен тіркелмеген азаматтар көптеген тегін медициналық қызметтерге қол жеткізе алмайды және емделу шығындарын өздері төлеуге мәжбүр болады. Сақтандыру мәртебесін қалпына келтіргеннен кейін ғана толық медициналық көмекті пайдалану мүмкіндігі пайда болады.

Егер сіз бір кәсіпорында бір жылдан астам уақыт жұмыс істеп жүріп, әлі МӘМС жүйесіне қатыспаған болсаңыз, қала тұрғындары медициналық сақтандыру жүйесіне тарту жөніндегі қалалық штабқа хабарласуыңызды сұраймыз.

Байланыс телефоны: 8 707 575 5045

ХАБАРЛАНДЫРУ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасының бастауымен

**2025 жылдың
1 қарашасында**

Талдықорған қаласында облыс тауар өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілетіндігін хабарлайды.

ӨТЕТІН ОРНЫ ЖӘНЕ САҒАТЫ:

Талдықорған қаласы,
Желтоқсан көшесі, 19/5,
Әлеуметтік базар, сағат 8.00-ден бастап.



БАСПАСӨЗ – 2026

РЕДАКЦИЯДАН:
12 айға – 3500 тг.

ПОШТАДАН:

ИНДЕКС 15771

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (қала)

12 ай – 8201,72 тг.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ауыл)

12 ай – 5827,40 тг.

ИНДЕКС 65771

ЖЕКЕ ТҰЛҒА

(қала, ауыл)

12 ай – 5327,40 тг.

Тел.: 40-11-02, сот.: 8 705 870 70 76.
Мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат, 4012 бөлме.



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ПОШТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ТАЛДАУ АЯҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекеlestікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2024 жылдан 2025 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде Талдықорған қаласының географиялық шекараларында пошта байланысы бандерольдер мен сәлемдемелер қызметтерін көрсету нарығындағы бәсекеlestік ортаның жай-күйіне жоспарлы талдауды аяқтады.

Талдаудың мақсаты – бәсекеlestіктің даму деңгейін анықтау, үстем немесе монополиялық жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау, сондай-ақ үстем жағдайды теріс пайдалануды қоса алғанда, монополияға қарсы заңнаманы ықтимал бұзу белгілерін анықтау.

Талдау қорытындысына сәйкес, Талдықорған қаласының географиялық шекараларында пошта байланысы бандерольдер мен сәлемдемелер қызметтерін көрсету нарығы жоғары шоғырланған (I тип) болып табылады. Аталған нарықтағы бәсекеlestік деңгейі төмен (дамымаған) деп бағаланады.

ЗАВЕРШЕН АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ КОНКУРЕНЦИИ НА РЫНКЕ ПОЧТОВЫХ УСЛУГ В ГОРОДЕ ТАЛДЫКОРГАН


Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу завершил плановый анализ состояния конкурентной среды на рынке услуг регистрируемой почтовой связи (бандеролей и посылок) в географических границах города Талдықорған за период с 2024 года по 30 июня 2025 года.

Целью анализа являлось определение уровня развития конкуренции, выявление хозяйствующих субъектов, занимающих доминирующее или монопольное положение, а также установление признаков возможных нарушений антимонопольного законодательства, включая злоупотребление доминирующим положением.

По итогам анализа установлено, что рынок услуг регистрируемой почтовой связи в пределах города Талдықорған относится к высококонцентрированным (I тип). Конкуренция на данном рынке оценивается как неразвита.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛҒАШ РЕТ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүргізуші куәлігін алғаш рет алу қызметі енді «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы қолжетімді болғанын хабарлайды.



Енді алғаш рет жүргізуші куәлігін алғысы келетін азаматтар өтінішті мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ, тікелей «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы бере алады. Жүйе медициналық анықтамасының бар-жоғын, автоматтепті аяқтау туралы куәлігін және шектеулердің болуын мемлекеттік деректер базасы арқылы автоматты түрде тексереді.

Өтініш жіберілгеннен кейін азамат өзіне ыңғайлы уақытта теориялық және практикалық емтихандарға жазыла алады. Осылайша, мемлекеттік баж төлемі емтихандарды сәтті тапсырған соң мамандандырылған ХҚКО бөлімінде төленеді. Бұл тәсіл рәсімдеу процесін оңтайландырып, азаматтар үшін анағұрлым қолайлы жағдай жасайды.

Пилоттық жоба Ішкі істер министрлігі мен Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бірлескен бұйрығы аясында жүзеге асып жатыр. Құжат жүргізуші куәліктерін беру тәртібін жаңартып, цифрлық технологияларды кеңінен енгізуге бағытталған.

Қазіргі уақытта жаңа қызмет еліміздің барлық өңірінде қолжетімді. Пилоттық жобаның мерзімі 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін белгіленген. Осы кезеңде қызметтің тиімділігі мен қолайлылығы бағаланып, талдау нәтижесінде жаңа тәртіпті тұрақты түрде енгізу мәселесі қаралады.

Жаңа рәсімдеу форматы жүргізуші куәлігін алғаш рет алатындар үшін бұл процесті бұрынғыдан да жеңіл, ыңғайлы және қолжетімді етті. Сонымен қатар, «ЦОН» мобильді қосымшасы болашақ жүргізушілерге қосымша мүмкіндіктер ұсынады: қолданушылар теориялық және практикалық емтихандарға, сондай-ақ сынақ емтиханына жазыла алады. Бұдан бөлек, қосымшада көлік сатып алу-сату шартын рәсімдеу, автокөлік тарихын тексеру және өзге де электрондық қызметтерді пайдалану сияқты пайдалы функциялар қамтылған.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҮРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №1125 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.